



1 шілде, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz

3 Алғашқы «Айтыс олимпиадасы»



4 Қармақшы: Тұрмыс деңгейін көтеру – басты міндет



6 Артық



8 «Қаламгерлер аллеясы» қайта жасанды



## ПРЕЗИДЕНТ



## «ҚОҒАМДА ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ КЕРЕК»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Жиынға Президент Әкімшілігі мен мемлекеттік органдардың басшылары, ІІМ Алқасының мүшелері және орталық аппараттың басшылық құрамы, өңірлік полиция департаменттерінің, аумақтық қылмыстық атқару жүйесі департаменттерінің басшылары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігі мемлекеттік басқару жүйесінде айрықша рөл атқаратын құрылым екенін атап өтіп, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу аса маңызды міндет саналатынын айтты.

Президенттің айтуынша, полиция халықтың құрметіне ие мамандықтың бірі болуы керек. Сондықтан қазір ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіруге баса мән беріліп, полиция қызметінің сервистік моделі енгізіліп жатыр.

«Жұртқа жақын полиция» қағидатын орнықтыру үшін нақты шаралар қабылдануда. Осы қарқынды тоқтатпау керек. Пилоттық жоба аясында қол жеткен жетістікпен шектеліп қалуға болмайды. Ашығын айтқанда, қызмет көрсетудің сервистік моделі туралы тек мамандар ғана айтпай жүр. Қарапайым азаматтар мен қоғам өкілдері пікір білдіріп жатқан жоқ. Бұл – халық оның нақты нәтижесін, оң өзгерістерді көріп жатқан жоқ деген сөз. Сондай-ақ сотқа дейінгі тергеу саласына да назар аударған жөн. Бұл – құқық қорғау жүйесіндегі мемлекеттік қызметтің ерекше бір түрі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қоғамдағы алаяқтық әрекеттерге тағы бір өзекті мәселе ретінде арнайы тоқталып, құқық қорғау органдары алаяқтарға қарсы табанды күрес жүргізуге тиіс екенін айтты.

Мемлекет басшысы полицияның жоғары деңгейдегі өкілдері

университеттерге, мектептерге барып, заңдарды жастарға түсіндіруі керек екенін айтты. Әсіресе, заң бұзудың салдарын анық көрсетуі қажет.

Президент азаматтарымыз қиын жағдайға тап болғанда билік өкілдері әділдікті тез арада қайта орнатады, кінәлілерді жауапқа тартады және шығынды өтеуге көмектеседі деп үміттенетінін айтты. Сондықтан арыз-шағымдарды барынша жылдам әрі кәсіби түрде қарастырып, әрекет ету қажет.

Мемлекет басшысы отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысының тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару керек екенін атап өтті.

Президенттің пікірінше, құқық қорғау органдары әрқашан басты назарда ұстауға тиіс тағы бір маңызды мәселе – жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру.

Бұл ретте Мемлекет басшысы ел аумағына ретсіз әкелінген шетелдік көліктер де жолдағы жағдайды ушықтырып жібергенін айтты.

Президент айрықша назар аударған тағы бір өзекті мәселе – ұйымдасқан қылмыспен күрес. Оның айтуынша, ел ішінде болған жайттар, сондай-ақ төңірегіміздегі геосаяси кеңістікте болып жатқан оқиғалар ұйымдасқан қылмыстық топтармен ымырасыз күрес жүргізудің аса маңызды екенін көрсетті.

2-бет

## АЙТЫС

## ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ШЕБЕРІ – ҚАҢЛЫ ЖҮСІП

Сыр өңірі ежелден өлең мен жырдың ордасы саналған. Сыр бойында Қорқыт атадан жалғасқан жыраулық дәстүр мен Шығыс шайырларының жазба әдебиет үлгісі үндестігінің сан ғасырлық үрдісі бар. Ол әсіресе сүлейлер шығармашылығынан анық көрінеді.

Сб Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Сыр елінде жырау атанған үш Жүсіп болған. Бірі – Қаңлы Жүсіп болса, қалған екеуі – Таубайдың Жүсібі және Кете Жүсіп. Жыр өнерін жалаулатып, дарынымен ел сыйлысы атанған, Сыр сүлейлерінің көрнекті өкілінің бірі – осы Қаңлы Жүсіп. Баба атын ұлықтау үшін Сыр өңірінде ақын, жырау Жүсіп Қадірбергелуының 150 жылдығына арналған «Қара өлеңнің шебері – Қаңлы Жүсіп» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Айтысқа Петропавл, Алматы, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда қалалары мен Арал, Қармақшы, Шиелі аудандарынан 12 ақын қатысты.

3-бет



## ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

## ДОМБЫРА ҮНІНДЕ САЙЫН ДАЛАНЫҢ САРЫНЫ БАР

Ұлттық құндылығымыздың бірі де бірегейі – қасиетті қара домбыра. 2018 жылдан бастап шілде айының алғашқы жексенбісі – Ұлттық домбыра күні болып күнтізбе бетінен орын алды. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп ақын Қадыр Мырза Әлінің ақын жолдарында айтылғандай, домбыраның үнінде сайын даламыздың сан ғасырлық тарихы жатыр.

Сб Фаиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»



Ұлтымыздың асқақ рухы, ағыл-тегіл пейілі осынау қос ішекті аспаптың көмегінен төгілген әсемқоңыр күйге, ән мен жырға арқау болып келеді. Жалпы домбыраның күдіреті туралы бала күнімізден есте қалған аңыз әңгімелер жетіп-артылады. Соның бірі – «Ақсақ құлан» күйі туралы хикаят.

3-бет

## ОЗЫҚ ТАУАР, ҮЗДІК ӨНІМ, САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ ӘРДАЙЫМ СҰРАНЫСТА

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауына биыл 80 кәсіпкер қатысуға өтінім берсе, оның 64-і өзара бақ сынады. Оған облыс әкімінің орынбасары Балмейір Сансызбайұлы келіп, әрбір кәсіпкердің өнімімен танысып, шараның маңызына тоқталды.

Сб Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

– Бізде отандық өнімнің жыл сайын артып келе жатқанына қуанып тұрмын. Былтыр республикалық байқауда «Ұлы дала елі» брендінің жеңімпазы «Асыл дән» ЛТД серіктестігі атанғанын өздеріңіз білесіздер. Биыл да аймақ кәсіпкерлері көш басын көрінеді деп сенеміз. Бұл шараның ерекшелігі – «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында елді мекендерден келген қыз-келиндердің, зейнет жасындағы апайларымыздың әкелген өнімдері қойылған. Жалпы облыста 76 мыңнан аса кәсіпкерлік нысан тіркелсе, оның 35-і сауда, 19-ы ауыл шаруашылығына бейімделген, өнеркәсіп саласы 8,6 пайызды құрайды. Облыс әкімдігі «Атамекен» кәсіпкерлік палатасымен, өңір кәсіп-

керлерімен бірлесе отырып, ішкі нарықтағы қажеттіліктерді қамтуға және импорттық тәуелділікті барынша жоюға қолданыстағы заңнама аясында бөлшек сальқ мөлшерлемесін 4-тен 2 пайызға дейін төмендету бойынша жергілікті мәслихат шешім қабылдады. Үшіншіден, шағын кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік беретін механизмнің бірі – шағын өнеркәсіптік паркттер құру үшін республикада 30 млрд теңге қарастырылуда. Оның 1 млрд



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ

теңге қаржы бөлінген. Екіншіден, аймақта бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау үшін қолданыстағы заңнама аясында бөлшек сальқ мөлшерлемесін 4-тен 2 пайызға дейін төмендету бойынша жергілікті мәслихат шешім қабылдады. Үшіншіден, шағын кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік беретін механизмнің бірі – шағын өнеркәсіптік паркттер құру үшін республикада 30 млрд теңге қарастырылуда. Оның 1 млрд

теңгесі облысқа тиесілі, – деді облыс әкімінің орынбасары. Биылғы көрме-байқаудың өзгешелігі – «Бір ауыл – бір өнім» жобасы. Өңірде алғаш рет өтіп жатқан жоба аясында 23 кәсіпкер өтінім беріпті. Бұл жоба Жапон елінен бастау алған. Кейінгі онжылдықта көрші Қырғыз елі де тәжірибеге енгізіп, ел экономикасына айтарлықтай оң өзгерістер әкелген. Бұл жобаның міндеті – ауыл тұрғындарының кәсіп-

керлік әлеуетін арттыру, яғни қолда бар жергілікті шикізатты пайдаға асыра отырып, өнім өндіру, елді мекендерде жұмыс орындарын ашып, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру. 2021 жылдан бері елімізде өткізіліп келе жатқан жоба Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау облыстарында пилоттық режимде жүзеге асырылған. Аталған облыстарда нан және кондитерлік өнімдер өндіру, жүннен жасалатын бұйымдар шығару, ешкі сүтінен ірімшік, қаймақ өндірісі секілді жобалар жүзеге асырылған. Шарада қолөнер шебері Роза Әлбатырватүкті кілемтоқудан, суретші-қолөнерші Малика Сұлтанғазина иірілген құрғақ жүннен басу техникасымен панно, сәнді қолөнер, кәдесый, ойыншықтар, аксессуарлар жасау, «Резинарт» және шыныаяқ ұстағыштарды, табақшаларды безендіру бойынша мастер-класс ұйымдастырды. Көрме-байқаудың нәтижесінде сарапшылар үш номинация бойынша жеңімпаздарды анықтады. «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» но-

минациясы бойынша өк тасын өндіретін «ОСТ – Орда-СтройМаркет» ЖШС, дайын металл бұйымдарын шығаратын «Қызылорда дизайн» ЖШС, ас үйге арналған қиыш жабындар әзірлеумен айналысатын жеке кәсіпкер «Nomad» серіктестігі жеңімпаз болды. Ал «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясында күрші өндірісімен айналысатын «Жаңажол» ЖШС, түз өндіретін «Алтын орда» ЖШС, күршіті өсіріп, өңдеуші «Асыл дән ЛТД» ЖШС көш басын көрді. Сонымен бірге «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясы бойынша түйе жүнінен төсек-жабдық дайындайтын «Жұмашева Индира» ЖК, «Қазалы кампитин» өндіретін «Қазберенов» ЖК, кондитерлік өнімдер шығаратын «Тәтті әлем» ЖК жеңімпаз атанды. Облыс әкімінің орынбасары жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен сертификат табыс етті. Өңірлік кеңес төрағасы Ерлан Райымов пен облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Жанар Берденова өзге қатысушыларға Алғыс хаттар табыс етті.



## «ҚОҒАМДА ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ КЕРЕК»

– Ұйымдасқан қылмыстық топ өкілдерімен «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге баруға, астыртын мәміле жасауға, сыбайластыққа жол берілмейді әрі қатаң тыйым салынады. Кезінде Абай «Күшік асырап, ит еттім, ол балтырымды қанатты. Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген болды, мені атты» деп айтқан. Таяуды оқиғалар қылмыс әлемінің өкілдері, түптеп келгенде, мемлекет пен заңға бағынатын азаматтарға қарсы бас көтеріп, саяси талап қоюға және өз дегенін жасатуға тырысатынын көрсетті, – деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы заңға бағыну мен құқық бұзушылықтың аражігін нақты ажырата білу қажет екеніне тоқталды.

1-бет

– Қоғамда заң мен тәртіп қатаң сақталуы керек. Сонда ғана еліміз өсіп-өркендейді. Бұл – мызғымас қағида. Қылмыскерлермен күрес ымырасыз жүргізілуі тиіс. Бірде-бір құқық бұзушылықты елеусіз қалдыруға болмайды. Мұнда ұсақ-түйек деген жоқ. Полиция қызметкері заңға бағынатын адамға құрметпен қарауы керек. Ал тәртіп бұзушылармен заң аясында сөйлесу қажет. Адамды азаптауға, қинауға, тергеудің тыйым салынған әдістерін қолдануға мүлдем жол берілмейді. Әрбір тәртіп сақшысы мұны жете түсінуге тиіс. Күнделікті жұмыста осы талаптар сақталса, азаматтардың полицияға деген сенімі артады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы

полицияға қоғам тарапынан да тиісті құрмет көрсетілуі керек деп санайды. Президенттің пікірінше, тәртіп сақшысының заңды талабына бағынбау, оған коқан-лоқы көрсету, тіпті күш қолдану дұрыс емес. Мұндай жағдайда бұзақылар жауапсыз қалмауы қажет. Әлеуметтік желіде полицияға қатысты түрлі бейнежазбалар бар. Кейбір адамдар қасақана арандаушылық жасайды. Сондай кезде ұстамдылық танытып, дөрекі әрекеттерге жол бермеу өте маңызды. Тәртіп сақшысы сауатты сөйлеп, өзін лайықты ұстауы қажет.

Президент сөзін қорытындылай келе, ішкі істер органдарының жұмысын мемлекет жоғары бағалайтынын атап өтіп, соңғы үш жылда атқарылған нақты шаралар туралы айтты.

ЖОБА

## «СУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСТАРЫНДАҒЫ КӨПШІЛІКТІң ДЕМАЛУЫНА, ТУРИЗМ МЕН СПОРТҚА АРНАЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІң 2023 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАҢТАРДАҒЫ №7 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 қаңтардағы №7 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі  
Н. НӘЛІБАЕВ

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының м.а.

З.М. Қазтоғанов

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Н. Өмірсерікулы

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Д.О. Жаңаберген

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Р.С. Қайрақбаев

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ қаулысымен  
бекітілген

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ қаулысына  
қосымша

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСТАРЫНДАҒЫ КӨПШІЛІКТІң ДЕМАЛУЫНА, ТУРИЗМ МЕН СПОРТҚА АРНАЛҒАН ЖЕРЛЕР

№	Су объектісінің атауы	Көпшілік демалу орны	Орналасқан жері
1	Сырдария өзені	«Қалғандария» демалыс аймағы	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті
2	Сырдария өзені	«Мұратбаев» демалыс аймағы	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті
3	Сырдария өзені	«Қашқан су» демалыс аймағы	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
4	Қамбаш көлі	«Аққұмшық» демалыс аймағы	Арал ауданы, Қамыстыбас ауыл округі
5	Ханқожа көлі	«Бөйгекүм» демалыс аймағы	Шиели ауданы, Бөйгекүм ауыл округі
6	Жібек жолы каналы	«Сыр самалы» демалыс аймағы	Қызылорда қаласы
7	Сырдария өзені	«Сыр толқыны» демалыс аймағы	Қызылорда қаласы

## ҚАУЫМДЫҚ СЕРВИТУТ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 69-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес декларация бойынша «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырынан автоматтандырылған газ тарату станциясына (АГТС-3) дейінгі магистральды газ құбырының желілік бөлігін орналастыру үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан 2028 жылдың 6 маусымына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы және Сырдария ауданының әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі  
Н. НӘЛІБАЕВ

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ қаулысына  
Қосымша

## ҚАБЫЛДАУ

# ҰСЫНЫС ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдап, оларды толғандырған мәселелерді, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Бұл жолы жеке қабылдауға 14 адам келді.

Қабылдауға келген тұрғындардың басым бөлігі тұрғын үй алу және жұмысқа орналасу мәселелерін көтерді.

Облыс әкімі азаматтардың мәселелері жөнінде зерттелетінін, шешімі заң талаптарына сәйкес қарас-

тырылатынын жеткізді. Кейбір сұрақтар бойынша жауапты тұлғалар заң аясында түсіндірме беріп, шешу жолдарын ұсынды.

Атап айтқанда, 64 жастағы қала тұрғыны облыс орталығындағы Хангельдин көшесін жөндеу беруді сұрады. Бұл көшені жөндеудің жоба-сметалық құжаттары дайындалғаны және шілде айында жөнделетіні түсіндірілді.

Мүгедектер қоғамы ғимаратын күрделі жөндеу және қоғамға инвентарис алып беруге қолдау сұраған облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы Сағатбек Сиюовтың өтініші бойынша аймақ басшысы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына тапсырма берді. Басқарма басшылығы ғимараттың жағдайымен танысып, жөндеу жұмыстары мен қажетті автокөлік сатып алуды демеушілер көмегімен іске асыру мүмкіндігін қарастыруы тиіс.

Айта кетейік, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірінші базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

Облыс әкімінің  
баспасөз қызметі

## ҚОСЫМША

### «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОСЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Р/с	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Қазбекова Мира Жомартқызы	Басшы	Әр аптаның сейсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін	Облыс әкімдігінің ғимараты Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1	8(7242) 60-53-03
2.	Жанузакөв Қуаныш Қуатқанұлы	Орынбасар	Әр аптаның бейсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін		
3.	Айкешөв Жігер Ондасынұлы	Орынбасар	Әр аптаның жұма күні	16.00-ден 18.00-ге дейін		
4.	Жұматов Серік Айдарбекұлы	Орынбасар	Әр аптаның сәрсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін		

Мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасының талаптарының бұзылуына жол бермеуі мақсатында «Қызылорда мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 60-53-03 сенім телефоны жұмыс істейді.

### «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау аты-жөні	Азаматтарды қабылдау аты-жөні	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Жаннабев Ғабит Жұмабекұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00; 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	40-08-16
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Мырзабек Сакен Салхадияұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00; 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00; 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	40-08-17
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Даулетбаева Жанар Жұмабекқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00; 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме	401191 (7604) 27-01-00

## ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ



## ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ШЕБЕРІ – ҚАҢЛЫ ЖҮСІП

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз шеберлерін құттықтап, сәттілік тіледі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жақында ғана өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында «Ұлттық жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағыт – рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас ұштағаны» деген болатын. Аймақ мәдениетін дамытуда ауқымды бастамалар бар. Биыл облыс орталығынан 1000 орындық «Өнер орталығын» ел игілігіне табыстаймыз. Бұл зәулім сарай таланттардың бұлақ көзін ашып, халық мұрасын жаңғыртатын өнерлі ұрпақтың жетілуіне қызмет етпек. Биыл 20 мәдениет және әдебиет өкіліне облыс әкімінің арнайы «Тұран» сыйлығын табыстауды бастадық. Бұл сыйлық әдебиет пен өнер өкілдерінің шығармашылығын шыңдауға септігін тигізетініне сенімдімін. Игі бастаманы жыл сайын жалғастырамыз, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, Сыр бойында өнер өкілдерін қолдау, шығармашылығын шыңдау үшін бірқатар тың бастамалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Жыл сайын тұрақты түрде кемінде 1 мәрте республикалық аламан айтыс өткізу жолға қойылмақ.

Дүбірлі айтыстың қазылар алқасына ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының

төрағасы Ұлықбек Есдәулет төрағалық етті. Құрамында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, А.Байтұрсынов атындағы Алтын медаль иегері Рабит Тұяқбаев, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Елубай Әуезов, айтыскер ақындар Бекарыс Шойбеков және Мамыр Байдәулетов бар. Сайысты Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, республикалық және халықаралық ақындар айтысының жеңімпазы Аманжол Әлтаев тізгіндеді.

Айтыс қорытындысымен бас жүлде шымкенттік ақын Нұрлан Есенқұловқа бұйырды. Бірінші орынды жерлесіміз Мұхтар Ниязов алса, екінші орын шиелілік айтыскер ақын Иранғайып Кузенбаевқа берілді. Ал үшінші орынды қызылордалық Нұрмат Мансұров пен аралдық Бексұлтан Орынбасаров өзара бөлісті. Мұнан бөлек, павлордарлық Жигер Бөкенге, өскемендік Серік Қуанғанға, қармақшылық Сырым Әділбековке, алматылық Нұрзат Қаруға және шиелілік Ержігіт Бекжанға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Жүйрік жырды жүзіктеген сөз зергерінің болмыс-бітімін айтыс барысында ақындар жан-жақты ашты. Түйдек тіркес, шымыр шумак, өрелі өлең, ұтымды ұйқасқа құлақ құрышы қанған көрерменнің де ықыласы ыстық болды. Жүсіп Қадірбергенұлының рухани мұрасы жастар арасында да насихатталып, айтыс жасөспірімдер арасында жалғасын тапты.

I-бет



## ДОМБЫРА ҮНІНДЕ САЙЫН ДАЛАНЫҢ САРЫНЫ БАР

Бірде Жошы ханның ұлы аң аулауға шығып, үйірді бастап жүрген құланды жаралайды. Ызалай құлан аңшыға тап беріп, ханның ұлы сол жерде қаза болады. Бұл сұмдық хабарды ханға жеткізуге кімнің жүрегі дауаласын? Оның үстіне Жошы хан жаманат хабар әкелген жанның көмейіне қорғасын құямын деп жарлық еткен. Бірақ қалай дегенмен, қазаны ханға естірту керек. Сонда бір жігіт ханның алдына шарт жүсініп, домбырасын қолына алып, «Ақсақ құлан» күйін аңыратып тартып бергенде, аза бойы қаза болған хан «Тоқтат!» деп айқайлаған екен. Хан бәрін түсінеді, алайда қолдан келер шара бар ма?! Қайғы құшып, қаһарына мініп, әлгі домбыраның көмейіне қорғасын құйғызады. Иә, ел ішінде осы мазмұнда мисал әңгімелер жетіп-артылады.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» кафедрасының аға оқытушысы, күйші, композитор, өнертану ғылымдарының кандидаты Гүлнар Ысқақова жастайынан жанына домбыраны серік еткен, сонымен қатар, осынау ұлттық өнерді терең тануға, ғылыми айналымға

енгізілуіне зор еңбек сіңірген ұстаз. ҚР Халық артисі, атақты күйші Қаршыға Ахмедиярұлы дәрсі алған өнер иесін Ұлттық домбыра күнімен құттықтай отырып, тақырып тіңірегінде әңгімелескен едік.

–Тарихымызды танимын десек, домбыраны айналып өте алмаймыз. Айталық, өз дәуірінде ақын-жыраулар, әйгілі күйшілер қара домбыраның қасиетімен елдің бірлігін, тұтастығын сақтай білді. Мәселен, жалынды жырларымен, асқақ күйлерімен жорықтарда жауынгерлердің рухын көтерсе, қарапайым тұрмыста ұлттық салт-дәстүр құндылығын талмай дәріптеген. Иә, алғашқыда авторлар немесе өзге орындаушылар арқылы жеткен күйлер бүгінде заман талабына сай оркестрдің орындауында кең қанат жайып, шарықтау биігіне көтерілді, – дейді ол.

Айта кетейік, кейіпкеріміздің бойына қонған күйшілік, домбырашылық өнер атасы Бсқақтан, әкесі Исламбектен бері жалғасып келе жатыр. Осы орайда күйші, композитор Гүлнар Ысқақованың туындыларының да халықтың жүрегінен орын алуы қара домбыраның қасиетінде болса керек. Автордың «Сағыныш»,



«Көктем келді» деп аталатын күйлері бар. Ақын Ә.Тәжібаевтың сөзіне жазылған «Келші, сөулем» әні бүгінде үлкен сахналарда орындалып жүр. Жалпы Сыр бойы ақындарының сөзіне жазылған оннан астам әндері тыңдаушыларын тәнті етіп, риясыз ықыласына ие болды.

– Әкем Исламбек Ысқақов есімі елге белгілі күйші. Оның күйлері өзіндік ерекше мазмұнымен әрі саздылығымен қарапайым тыңдарманның ғана емес, белгілі музыка мамандарының да назарын аударған. Өзі көп жыл ұстаздық ете жүріп, артына қалдырған отыз шақты күйі және жинақтаған дүниелері мыңдаған тиражбен жарыққа шығып, бүгінде оқу орындарында пайдаланылып жүр. Жас музыка зерттеушілері ол кісінің шығармашылығынан ғылыми жобалар қорғаған. Оның ішінде



Sb Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

## АЛҒАШҚЫ «АЙТЫС ОЛИМПИАДАСЫ»

Брифингте басқарма басшысы Ұлттық домбыра күнінің тарихына тоқталып, облыстағы мәдениет үйлері мен клубтарында 100 домбыра үйірмесі жұмыс жасап, оған мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер қатысатынын, мемлекеттік спорт және шығармашылық тапсырыс аясында ашылған 125 домбыра үйірмесі 2050 баламен қамтылғанын айтты.

Негізгі Ұлттық домбыра күніне орай облыстық мәдениет ұйымдарында «Ұлы дала үні», «Қазағымның үнісің сен, домбыра», «Домбыра думан», «Домбыра – ғасырлар мұрасы», «Аңыз домбыра, абыз домбыра» тақырыптарында танымдық шаралар өтеді. Күйшілер байқаулары мен фестивалдар, өнер ұжымдарының концерттері, облыс музейлері мен кітапханаларында «Ел тірегі, ұлт мұрасы – домбыра», «Домбыра – дастан, домбыра – күй», «Ғасырлар пернесі», «Домбыра – қазақ халқының асыл мұрасы» атты көрмелер ұйымдастырылады.

– Балаларды айтыс өнеріне баулу мақсатында облыс әкімінің жұлдесі үшін тұңғыш рет өткізілген «Айтыс олимпиадасы» атты облыстық балалар және жасөспірімдер айтысына аудандар мен Қызылорда қаласынан 10 жас ақын қатысты. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына және Ұлттық домбыра күніне арналған «Күй мен күйші» атты халық аспаптар оркестрі күйші-концертмейстерлерінің республикалық фестиваліне республиканың 8 облысы мен Қызылорда қаласынан барлығы 12 күйші келді, – деді басқарма басшысы.

Ана тіліміздің қасиетін кетірмей, байлығын ортайтпай ұрпақ санасында



сақталуына айтыс өнерінің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Сыр бойы айтыс тарихында Манап Көкенов бастаған ақтангерлер айтыс өнерінің мәртебесін биіктеткен болса, бұл көшті тәуелсіздік жылдарында қанат қаққан талантты айтыскер ақындар жаңғырта білді. Атап айтар болсақ, жерлесіміз Мұхтар Ниязовтың «Алтын домбыра» сыйлығын үш мәрте жеңіп алуы Сыр еліндегі айтыстың бүгінгі деңгейін танытады.

Жүйріктер жолының үзілмеуі үшін балғын бұлақ көзін ашу мақсатында ұйымдастырылған додаға ақ домбырасын қолға алып келген жас таланттар тамаша өнер көрсетті.

Жас ақындардың суырыпсалма өнеріне айтыскер ақын, республикалық ақындар айтысының жүлдегері Ершат Қайболдин, айтыскер ақын, республикалық ақындар айтысының жеңімпазы, Қорқыт ата атындағы

университетінің оқытушысы Айнагул Әбуова және айтыскер ақын, айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің Халықаралық одағы Қызылорда филиалы бойынша төрағасы Нұрмат Мансұров қазылық етті.

Сайыс нәтижесінде тарихымыздың тамырын тереңге бойлатып, еліміздің руханиятын жаңа белеске жетелейтін қатарластарының арасынан оза шапқан Нұржігіт Бикожа мен Сымбат Жаппасбай жүлделі ІІІ орынды өзара бөлісті. ІІ орын сырдариялық Нурахмет Мансұров пен шиелілік Дильназ Ержігітке берілсе, І орынды қызылордалық Ұлықбек Бектаев еншіледі.

Ал тұңғыш рет облыс әкімінің жұлдесі үшін ұйымдастырылған «Айтыс олимпиадасының» бас жүлдесін жаңақорғандық тамаша талант Мұхамедәлі Абдуллаев иеленді.

I-бет



# ҚАРМАҚШЫ: ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Аумағы облыстың 13,7 пайызын алып жатқан Қармақшы ауданының басты кәсібі – ауыл шаруашылығы. Мал өсіреді, егін егеді. Өсіресе, соңғысымен тұрақты айналысатын елді мекендері көп. Жалпы аудан орталығынан бөлек, бір кент пен 12 ауылдық округ болса, басым көпшілігі күрші өсіріп отыр. Өрі сол дақылды Қазақстан ішінде ғана емес, сырт елге экспортқа шығарып келеді. Сондай-ақ бақша егіп, өз-өзін қамтып отырған жұрт екенін айтсақ дөйеміз. Өнімін өзіне де жаратып, жәрмеңкеге де шығаратын қармақшылық диқандар кейінгі үш-төрт жылда бұл кәсіпті жақсы дамытып жүр. Ал төрт түлікті өсіруге құлшыныс танытқандар тіпті баршылық. Бүгінде ауданда 38296 ірі қара, 16374 жылқы және 94 мыңнан астам ұяқ мал тіркелген.

**Erjan ҚОЖАС,**  
«Сыр бойы»



Қармақшы ауданындамыз. Құжат бойынша 1928 жылы құрылды десек те, ел тарихы тым тереңде. Ауданның атауы жайлы дерек XV ғасырдан бастау алады. Тарихшылар осылай дейді. Рухани құндылығы мол жердің киесін Шірік-Рабат, Жетіасар, Қосқала, Баршынкент қалаларының орны, Қорқыт ата, Қармақшы ата, Марал баба, Сейттембет баба мазарлары айқындалады.

Иә, дүниенің төрт бұрышы мен ғарыштық кеңістікті ұштастырып жатқан түркі дүниесінің абызы, қасиетті Қорқыт баба мәңгілік қоныс тапқан, әулие әмілдер мекені болған Қармақшының даму деңгейі қалай? Аудан халқының әлауатын арттыру мен экономикасын нығайту бағытында атқарылған біршама жұмыстарын көргенбіз. Басты дүниелерді бағамдасaq.

## ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ

Қазір Қармақшыдағы құрылыс жұмыстары қызған. Құны 3,7 млрд теңге болатын Байқоныр қаласындағы 5 тұрғын үй – басты нысанның бірі. Бұған қосымша қаланы сумен жабдықтау жүйелерін қайта ауыстыруға 12 млрд теңге қаралған. Биылғы бөлінген 1 млрд теңгемен жұмыстар басталып-ақ кетті. Айтпақшы, Байқоныр маңындағы Ақай ауылында денешынықтыру және сауықтыру кешені салынып жатыр.

Бұл салада ауыл-аймақ та кенже қалмаған. 666 млн теңгелен астам қаржыға Қармақшы, Т.Көмекбаев, Алдашбай ахун ауылын сумен жабдықтау жұмыстары аяқталуға жақын. Тұрмағамбет, Ақжар, Дүр Оңғар ауылында жана дәрігерлік амбулатория құрылысы басталса, Дүр Оңғар мен III Интернационал елді мекеніне денешынықтыру және сауықтыру кешенін тұрғызу үшін қаржы бөлінді. Қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы жүруде.

Аудандағы ірі жобалардың бірі – Төретам кенті мен Ақай ауылдық округін газдандыру. Барлық қаржысы 2 млрд 186 млн теңге болатын құрылыстың басталғанына да біраз уақыт өтті.

Кез келген мемлекет не облыс, мейлі аудан болсын, ондағы жақсы көрсеткішті айқындайтын саланың бірі – жол құрылысы. Сапасы дұрыс жолдың ғұмыры ұзақ, ауыр жүк көліктеріне жақпай келетіні белгілі. Қармақшыдан көргеніміздей, «Самара-Шымкент-Ақжар-Тұрмағамбет-Т.Көмекбаев» автожолын жөндеу жұмыстары жақинда басталмақ. Мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС құны 1 млрд 445 млн теңге болатын жол құрылысын жүргізетін болады. Сондай-ақ Ақжар, Ақтөбе, III Интернационал, Ақай елді мекені бойынша барлығы 6 көшені жөндеу жұмыстары басталған. Бұған қосымша шеткі ауылдың бірі – Қуандариядағы екі көше де бар.

Өзге салалардағы құрылыс жұмыстарында да ілгерілеушілік жоқ

емес. Мысалы, Дүр Оңғар ауылының 5 көшесін жарықтандыруға қаржы бөлінді. Қармақшы ауылындағы «Балбөбек» балабақшасының жылу жүйесін газға ауыстыру үшін 35,6 млн теңге қаралған.

Қуанышылықтың алдын алу, сондай-ақ елді мекендердегі бақша егу жұмыстарына аяқсудың маңызы ерекше. Аудан бойынша биыл 11 су ұңғымасы қазылмақ. Оған тұп-тура 202 млн теңге бөлінген.

Аудан орталығы – Жосалы кенті бойынша биыл 33 жоба іске аспақшы. Барлығы 1 млрд 271 млн теңгеге орталық аурухана ғимараты және 15 көшеге орташа жөндеу, 10 көшені жарықтандыру, әлеуметтік нысандардың жылу жүйесін «көгілдір отынға» ауыстыру, су ұңғымасын салу, ғимараттардың жылу қазандығын жөндеу, көшелерді абаттандыру, жаяу жүргіншілер жолын салу, т.б. жұмыстар атқарылуға.

## КӘСІПКЕРЛІК КЕНЖЕ ҚАЛМАЙДЫ

Ауданның экономикалық дамуы көрсеткіштеріне тікелей әсер ететін фактор – шағын кәсіпкерлік. Қармақшыда сала дамуы да басты назарда.

Жалпы биыл есепке көз салсақ, ауданда 4445 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде нақты жұмыс істеп тұрғаны – 4111 немесе 92,5%. Былтыр осы саладағы жобаларға мемлекеттік бағдарламалар арқылы 4 млрд теңге (3,4 млрд несие, 621,3 млн теңге грант) берілген. Ал жыл басынан бері 184 жоба 735,8 млн теңгеге қаржыландырылды.

Көпшілікке таныс әрі насихаты жан-жақты болған «Ауыл аманаты» бағдарламасына ниет білдіруші көп. Қазір Қармақшыдағы барлық елді мекендерден несиеге өтініш беріп, кәсіп бастауға ұмтылғандардан 182 жоба іріктелген. Құны 1,2 млрд теңгені құрайды, бұдан бөлек, ауданда 10 ауыл шаруашылығы кооперативін ашып, 280 млн теңгеге қаржыландыру жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін жалғасып, жалпы несие портфелі 2 млрд теңге болатын жобалар әзірленбек.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес аудан экономикасын әртараптандыруда шикізаттық емес секторды дамыту, ішкі нарықты отандық тауарлармен толтырумен қатар импорт алмастыру мәселесі де күн тәртібінде. Жақын арада Индустрияландыру бағдарламасының аясында жүзеге асырылып жатқан ірі жобаның бірі Ақтөбе ауылындағы «Қармақшы құс» ЖШС құс фабрикасы биыл іске қосылмақ. Сондай-ақ аудан орталығындағы «АНК-Доулет» ЖШС арқылы газоблоктар өндіретін зауыт ашу және Төретам кентіндегі «МИР-

2001» серіктестігінің бетон бұйымдарын шығаратын шағын зауытын кеңейту жобасы басталып кеткен.

Аудандағы сауда саласын дамыту және тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында Жосалы кентіндегі ескі базар орнына жергілікті кәсіпкер Нағима Токсанбаеваның бастамасымен заманауи үлгідегі сауда орталығының құрылысын салу жоспарланған еді. Жоба құны 150 млн теңге. Қазір жүзеге асыру үшін Өңірлік инвестиция орталығы арқылы 50 млн теңге несие берілді.

## ӘРТАРАПТАНДЫРУ АЛҒА БАСЫП КЕЛЕДІ

Сыр дақыл – күршітен мол өнім жинап жүрген қармақшылық диқандар был да сол үдеден шығуды мақсат тұтқан. Ауданның тыныс-тіршілігі де осы ауыл шаруашылығы саласына байланысты екені жасырын емес. Биыл 26409 гектар жерге егін егуді жоспарлаған аудан 13 жарым мың гектар жерге күрші екті. Мұнан өзге, жоңышқа, жаздық бидай, мақсары, күнбағыс, арпа, құмай сияқты дақылдарды мол тастап, әртараптандыру ісін кеңейткен.

Әртараптандыру демекші, жоғарыда айтқан дақылдардан бөлек, Алдашбай ахун ауылдық округінде 12 гектар картоп егілді. Сонымен қатар, биыл Дүр Оңғар ауылындағы «Жанжол» ЖШС бес гектар жерге тамшылатып суару әдісімен алма көшетін отырғызып, күтімге алған. Алма бағынан бөлек, дәл осы шаруашылық екі гектар жерге жабынды астында егу әдісімен қарбыз да еккен. Қазір түйнектеуде.

Екіншіден, аймақ басшысының тапсырмасын орындау мақсатында жылдағыдай ауыл тұрғындарын бақша өнімдерімен өзін-өзін қамту үшін қосымша бақшалық жер дайындалған. Биыл 392 гектар жерге 736 отбасы бақша егуде.

## ЖАСТАР БАСТАМАЛАРЫ ЖАЙЛЫ АЙТСАҚ...

Қармақшы – жүз жырауы жыр жүзкітеген өнер өлкесі. Біз осы ауданның мәдениет пен спорттағы жетістігі және жастар бастамалары жайлы қысқаша айтқы өтпекпіз.

Ауданда жыл басынан бері мәдениет саласы бойынша 948 іс-шара өтіп, халыққа рухани-мәдени қызмет көрсетілген. Биылғы жаналықтың бірі – Әзербайжанның Баку қаласында «Кайнат» жастар орталығының ұйымдастыруымен Халықаралық балалар арасындағы «Мугам» өнер байқауында Қазақстан атынан қатысқан К.Рүстембеков атындағы Жыраулар үйінің жас шәкірті Мәди Елдес жүлделі III орынды иеленген.

Қармақшылық спортшылар да байрақты бәсекелерде аудан намысын абыроймен қорғап, жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Кеше ғана аудан тумасы Ерасыл Сәулебеков Дурресте (Албания) өткен жасөспірімдер арасындағы ауыр атлетикадан Әлем чемпионатында екі дүркін Әлем чемпионы атанып, Сыр елінің абыройын асқақтатты.

Қармақшыда биыл алғаш рет мемлекеттік тапсырыс шеңберінде «Жастар бастамаларын қолдау» әлеуметтік жобасы іске асыпты. Жоба аясында 14 жастың әлеуметтік бастамасы қаржылай қолдау тауып, әрқайсысына 150 мың теңге көлемінде шағын грант табысталған. Грант иесі атанған белсенді жастар қажетті құрал-жабдықтарын алып, жобаларын бастап кетіпті. Атап айтсақ, қазір аудан бойынша 11 теннис, 2 домбыра үйірмесі және бір жылжымалы кинотеатр аудан жастарына тегін қызмет көрсетуде.

Сонымен қатар, ауданда жастар саясатын жандандыру, жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді, мазмұнды ұйымдастыру, олардың шығармашылығын қолдау, салауатты өмір салтын насихаттау, отан-сүйгіштікке тәрбиелеу бағытында қоғамдық іс-шараларды, мәдени және спорт жұмыстарын дамыту үшін аула клубы жұмысы тұрақты атқарылуға. Аула клубы жұмысы аудандық жастар ресурстық орталығының базасында ұйымдастырылып, оған жастардың тұрғылықты жері бойынша сұранысы мен қызығушылығын ескере отырып, үйірме жұмыстары жүргізіледі. Клубқа жұмысын мазмұнды ұйымдастыруға қажетті құрал-жабдықтар да алынған.

Қармақшы ауданы

Талай шәкірттің талабын шыңдап, жетістіктерге жетуіне қолдау танытатын қосымша білім беру орталығы әр баланың интеллектуалды дамуына, қызығушылығы мен дарынын айқындап, шығармашылық қабілетін шыңдауға, кәсіби бағдар алуына, сонымен қатар, өнердің барлық саласын меңгеруіне жағдай жасап келеді.

# ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ КЕҢ ҚОЛДАНЫСТА

Айталық, оқыту технологияларын жетілдіре отырып, оқушыларды шығармашылыққа, ғылым негіздеріне жетелеу, заманға сай техникалық мамандықтарға қабілетін дамыту үшін ақпараттық технология бағытындағы үйірме жұмыстары жолға қойылған. Бүгінде көркем-шығармашылық, бейіндік оқыту, туристік-қолданбалы, IT IMAQORDA балалар технопаркі, мектепалды даярлық бөлімдері бойынша 1825 бала тәрбиеленуде. Жалпы үйірмелер саны 48 болса, мектепалды даярлық топтарының саны – 13. Орталықта 24 оқу кабинеті, кіші хореография залы, 250 орындық ақт залы, әдістемелік кабинет, костюмер кабинеті, архив, шеберхана бар.

Сонау 1974 жылы пайдалануға берілген мекеменің тарихында қазірге дейін бірнеше мәрте құрылымдық өзгерістер орын алғанымен, қосымша білім беру мен тәрбиелеу бағытында бастапқы мақсатына сай лайықты жұмыс жүргізіліп келеді. Айта кетейік, мекеме 2020 жылдан бастап облыстық білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» болып аталады. Биылғы оқу жылында 79 педагог қызмет атқарды. Олардың қатарында жоғары, бірінші санатты ұстаздар, модератор, сарапшы, зерттеушілер, ғылыми-академиялық дәрежесі бар магистрлер бар.

Орталықта бес бөлім жұмыс жүргізеді. Мысалы, бейіндік оқыту бөлімінде жас тарихшылар, мульти-медиа, математика, өсімдіктер әлемі, ағылшын тілі, қазақ тілі, орыс тілі үйірмелері оқушыларға қосымша білім бере отырып, алған білімін өмірде қолдана білуге тәрбиелейді. Үйірме жетекшілері балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандырады.

Туристік қолданбалы бөлімінде өлкетану, гауһартас, витраж, жас модельер, шебер қолдар, шахмат, тоғызқұмалақ, спорттық туризм, картинг, сикьюри жиптер, бізкесте, жайдарман, батик үйірмелері оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытумен қатар кәсіптік бағдар алуына да мүмкіндік жасайды.

Көркем-шығармашылық бөлімінде домбыра, актерлік шеберлік, театр өнері, вокал, хореография, көшбасшы, жыр-терме, ал «Мирас» дәстүрлі ән үйірмелері жасөспірімдердің өнерге деген құштарлығын арттырып, қабілетін дамытуға жұмыс жасайды.

IT IMAQORDA балалар технопаркі бөлімінде оқушылар спорттық робототехника, 3D анимация және модельдеу, ИЗО студия, Vlog kadr, жас тілші, алғашқы техникалық модельдеу және робототехника, бейнелеу студиясы, көркем қыш және мүсін, архитектуралық дизайн, 3D макеттік студия, Edurobots, Green Art, мобиллография, макеттер әлемі, мультипликация үйірмелеріне қызыға қатысады.

«Робототехника» үйірмесінің оқушылары жыл сайын дәстүрлі түрде «KazRobotics» федерациясының ұйымдастыруымен өткізілетін «KazRoboSport» республикалық байқауында, «Ұлы өнерпаздыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауында жетістіктерді бағындырады. Атап айтар болсақ, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Білімнің салтанат құруы» бағыты аясында «Kaz-RoboProject-2019» және «KazRoboSport-2019» облыстық чемпионатында Раушанбек Бейбарыс, Хамза Темірлан «Болашақ» университетінің білім грантын жеңіп алды. Ал 3D модельдеу үйірмесінің оқушылары Алматы Қазақ еңбек сәулет құрылыс академиясының ұйымдастыруымен өткізілген «Менің арманымдағы үй» макеттер байқауының жеңімпаздары және грант иелері Жұмбабай Бағлан 50% грант жеңіп алып, ҚазГАСА колледжін, Қытай мемлекетінде тіл үйрену мақсатындағы оқуын аяқтап, мамандығы бойынша еңбек жолын бастады. Ермбетов Әлібек 50% грант иегері Евразиялық ұлттық университетін дизайнер мамандығы бойынша аяқтап, білімін жетілдіру жолында. Ал Тұрғанбек Диана Евразия ұлттық университетінің архитектор-дизайн мамандығы бойынша 50% грантын жеңіп алып, қазір IV курс студенті. Сәбит Нұрдәулет Алматы қаласындағы Таңсықбаев атындағы сәндік-қолданбалы колледжін 100% грантын жеңіп алған, IV курста оқып жатыр. Сондай-ақ, Әбдіғаппар Нұрдәулет 100% грантын жеңіп алып, ҚазГАСА колледжін аяқтап, еңбек етуде.

Мектепалды оқыту бөлімінде 5-6 жастағы балаларға мектепалды даярлық топтарында ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес сапалы мектепалды білім беру жолға қойылған. Мұнда ата-аналар сұранысына орай балалардың жалпы мектепте оқуға дайындығының негізін қалыптастыру, сонымен бірге, ойын әрекеті арқылы олардың физиологиялық және психологиялық дамуына, шығармашылық әрекеттерінің

қалыптасуына жағдай жасайды. Биылғы оқу жылында 274 бала мектепалды даярлық тобының оқу бағдарламасын меңгеріп шықты. Сонымен қатар, маусым-шілде айларында оқушылардың алғашқы білім дағдылары мен машықтарын қалыптастыру мақсатында жеделдетілген мектепалды оқыту топтары да жұмыс жасайды.

Балалардың мектеп білімі аясында үнемі іске асырыла бермейтін салалардағы танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты қосымша білім беру іс-әрекеті кең қанат жайып келеді. Оқушылардың білімге деген түрлі сұраныстарына байланысты орталықтағы қосымша білім беру педагогтері оқу бағдарламаларын құрастыруға еңбек етеді. Айталық, бүгінге дейін әдістемелік кеңес қолдануға ұсынып, қосымша білім беру ұйымының басшысы бекіткен бірқатар авторлық бағдарламалар облыстық, республикалық байқауларда лайықты марапаттарға ие болып келеді.

Облыстық білім басқармасы мен «Qyzylyorda» телеарнасы арасында, сондай-ақ, «Сыр медиа» ЖШС мен қалалық білім бөлімінің қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы арасында меморандумға қол қойылды. Осы орайда «Бала-ORDA» бағдарламасы облыстық телеарна арқылы ай сайын жарыққа шығып отыр.

Жазғы демалыс кезінде балалардың сауықтыру демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында «Zhaqzy Time» танымдық-шығармашылық мектебі жұмыс жасап келеді. Онда балаларды спортқа баулып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу үшін спорттық эстафеталар, топтық сайыстар өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, «Үздік аққауыт», «Менің Астанам» үздік посттар сайысы, «Нағыз қазақ – домбыра» блог түсіру сайысына қатысушылар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

2019-2020 оқу жылында облыстық білім басқармасының тапсырмасына сәйкес облыстық оқу орталығы және қалалық білім бөлімінің қолдауымен 1 маусымнан бастап «Instagram» әлеуметтік желісінде «Online vacation qzo» парақшасы ашылған болатын. Осы парақша арқылы жазғы демалысында балаларға кәсіби бағдар беру, тұлғалық даму, азаматтық көзқарас қалыптастыру, мамандықты дұрыс таңдай білу бағытында 230 сабақ түсіріліп, көрсетілді. «Онлайн жаз-2020» парақшасында ұйымдастырылған іс-шараларға 300-ден астам бала қатысты.

Бұдан бөлек, облыстық білім басқармасының тапсырысы бойынша «Qyzylyorda» облыстық телеарнасының қолдауымен түсірілген тарихи-танымдық «Туған өлке» айдары жүргізіліп, оқушылар 28 тарихи бейне-роликти тамашалады. Ал «Әзіл time» айдарында қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Жайдарман» үйірмесінің оқушылары жетекшісімен бірлесіп, балалық шақтарынан естелік болатын қысқа вайн түсірілімдерін достарына арнады. Қорыта айтқанда, «Онлайн жаз-2020» оқушылардың демалысын ұйымдастырудың жаңа форматының тиімділігі сол – 23 мың оқырман тіркеліп, республика көлемінде Қызылорда облысы І орынға шықты.

Балалардың жазғы демалысын пайдалы әрі қызықты ұйымдастыру мақсатында осымен бесінші жыл «Zhaqzy Time» шығармашылық-танымдық мектебі ұйымдастырылуда. Оған жас ерекшеліктері бойынша 8-13 жастағы мектеп оқушылары қатыстырылуға, яғни, екі ауысым бойынша 200 бала қамтылады.

Жалпы қосымша білім беру ісінде оқушылардың биік жетістіктерді бағындыруына білікті педагогтердің еңбегі зор. Айталық, орталық директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Қызылорда облысы білім беру ісін үздігі А.Төлегенова, республикалық туризм көпсайыстарының төрешісі, тоғызқұмалақтан ҚР спорт шебері Б.Досмаилов, ҚР І дәрежелі төреші Б.Елеусінов сияқты білікті мамандар қызмет етіп келеді. Сондай-ақ, В.Науанқызы, Б.Нақишева, С.Сәрсенбай, А.Садықова, Е.Серманов, Ж.Байдуллаева, О.Валгабай, О.Абдуллаев, Б.Раушанбек, М.Төлебаева, Н.Ережепов, С.Қалыбаева сынды ұстаздар біліктілігі бойынша әр жылдары өткен байқауларда жүлде иеленіп жүр.

Бір сөзбен айтқанда, қосымша білім беру мекемесінде заманауи технологиялар отандық және шетелдік тәжірибе жүзінде, отбасылық және халық педагогикасындағы құндылықтармен үйлескен тәсілдер мен әдістерді таңдау арқылы баланың өзін-өзі дамытуына зор мүмкіндік береді.

**Мерuert ӘБДІХАЛЫҚОВА,**  
қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының директоры





**Бурабай баурайында**

«Ботай-Бурабай» музейінен алған әсеріміз хақында, Ботай тайпасының тарихы және Бурабай аймағындағы саяхат жайлы облыстық ардагерлер кеңесінің хатшысы Максұт Бакеев, облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі, жастармен жұмыс жасау секторының меңгерушісі Келдібай Бектұрғанов, ардагер-педагог Болат Оңаев, қаржы саласының ардагері Базарбай Аяпов түннің бір уағына дейін сөз етіп, ой бөлістік. Әсіресе, көл ортасындағы жұмбақ пен ғажайыпқа толы «Жұмбақтастың» әр қырынан қарағандағы бейне-пошымын әртүрлі дүниеге теңедік. Ардагер-педагог Болат оны алып нартыға ұқсатса, Базарбай аға иегі ішіне кіріп кеткен мыстан кемпірге теңеді. Келдібай аға болса, «Әй, жігіттер-ай, сол «Жұмбақтастың» менің бір дәу кластасым бар еді, соған ұқсайтын сияқты» деп бәрімізді күлкіге қарқ қылды. Сол кезде Максұт бауырым сөзге араласып «Жұмбақтасты» алып қорабльге теңейтінін айтты. Бұл сөз бәрімізге де ұнап-ақ қалды. Шынымен терең көлдің ортасында жол жүріп келіп тыныстаған, сол алып қорабльдің («Жұмбақтастың») үстіне шығып алған қаншама жастар, әскерише айтқанда «моряктар» секілді бізге қарап қол бұлғап тұрды. Оларға бізде қол бұлғап қайықпен айналып өттік.

Айтты-айтпай не керек, елімізде осындай табиғаты тамылжыған жерді көзбен көргенде, бір кездері елімізді ұзақ жыл басқарған Дінмұхаммед Қонаевтың «Біздің Көкшетау – әлемдегі екінші Швейцария» деп айтқаны есіме оралды. Әлем елдерін аралап көрген ол кісінің Көкшетаудың табиғатына берген бағасына қарағанда, туган жерге деген шынайы сүйіспеншілікпен айтқан сөзі екендігін білдім. Негізі Ақмола облысы 1939 жылы, ал облыс орталығы Көкшетау қаласы 1824 жылы құрылған.

«Бурабай» курортты аймағындағы «Оқжетпестің» бауырындағы тастарға өрмелеген адамдар нөпірінде шек жоқ. Қытайың да, орысың да, үндістер де осында, бәрі жоғары өрлеп барады. Сейіл құрушылар мен тынығушылар, туристер мен саяхаттаушылардың бәрі осында. Басқа аймақтан демалуға келген отандастарға қарағанда, шетел азаматтары көп пе деп қалдым. «Бурабайда» санаторий мен демалыс үйлері, туристік базалардың, пансионаттардың, оқушылар демалыс орындарының саны арта түскен. Бұдан Ақмола облысының туризмге құмбыл бет бұрғанын аңдадық. Өйткені мұндағы бой көтерген жаңа демалыс орындардың ішкі-сыртқы сипаты, құрылыс үлгілері заманауи талапқа сай. Әсіресе, шағын сауда орындары жетерлік. Бұл орындарда көбіне қайыңның қабығына қолдан салынған «Бурабай» табиғатының суреттері сақтыла. Бұл суреттерді сырттан келген туристер көптеп алатынын білдік. Сырттай қарағанда атаулары әртүрлі болып келетін демалыс орындары мен туристік базалардың өз қызығы, өз дуаны толып жатқандай. Саяхаттап демалуға келген жандардың бәрі де өте көңілді.

Тау арасындағы мың бұралған асфальт жолдар

бізді «Бурабай» аумағынан қол бұлғап «Зерендіге» шығарып салды. Сыңсыған қарағайлы-қайыңды орманның хош иісі керемет. Қалың қарағай арасынан ақ балтыры түрлі майыса билеп тұрған биші қайыңдар көзге шалынады. Енді бірі қарағаймен тағдырын қосқандай, қайымдаса көкке өрлеп тұр. Көк күмбезіне қазбауыр бұлттар жиі көтеріліп, күнді көлеңкелеп қояды.

**Омырауы зерлі Зеренді**

Үшінші күн дегенде Зерендінің орман-тоғайын аралай бастадық. Біз демалып жатқан «Тұмар» орталығының айналасы онсыз да сыңсыған қарағай мен қайың. Жиырма қадам аттасаң болды орманға кіресің де кетесің. Мамыр айының ортасынан ауып кетсе де, Зеренді түні өте салқын. Дегенмен, қарағайдың хош иісті ауасымен демалған соң ба, аздаң құр атқа мінгендей кұнап оянасыз. Жаяу жүріп шаршап келіп сәл тынықсан болды, бойың сергіп сала береді. Омырауы зерлі Зеренді орманы арасынан топ-топ болып жүрген шет ел азаматтары ұшыратасыз. Олар емін-еркін, өз жерінде жүргендей орман ішін жаңғырта айқайлап, «бізді көрдіңдер ме» дегендей, құлаштарын кеңге жайып айнала билеп қояды. Қарағайды, қайыңды құшақтап суретке түсіп жатыр. Әсіресе, «Махаббат» тауы мен «Жыланды» тауының басына өрмелеп бара жатқандар саны жетерлік. «Жыланды» өте биік. Айналасындағы қайыңды орман ішінде ұйық (балота) көп екен. Ол жаққа қарай көп бара бермеуімізді орталық жұмысшылары ескертіп қойды. Бұл күні тынығу аймағынан көп ұзамадық.

**«Асыл әжелер» концерт қойды**

Демалғанымызға 4 күн болғанда кешке қарай ардагер әжелерден құралған Қызылорда қалалық «Асыл әжелер» ансамблінің өнерпаздары медицина саласының ардагері Айна Измағамбетованың ұйымдас-тыруымен арнайы концерт берді. Екі сағатқа созылған концерт керемет өтті. Ансамбль мүшелерінің топ басышы Ғалия Шайғазиева, Әлима Ермеғамбетова және Баянның орындауындағы сызылта салған әндер Зеренді аспанын баурап алғандай. Көркейту саласының ардагері Келдібай Бектұрғанов Сәкеннің «Тау ішінде», Ақаның «Балқадия» әндерін нәшіне келтіре, тыңдарманын еліте орындады. Ал ақжарлық жыршы, есеп саласының ардагері Бақытжан Ержановтың төккен жырларына көпшілік шапалақтарын аямай соқты. Иә, «Ел іші – өнер кеніші» деген осы болар. Концертті көруге келгендер Сыр елі ардагерлерінің өнеріне зор қошемет білдіріп, тәнті болды. Әсіресе, кешке арнайы шақырылған жергілікті баянист жігіт «Кербез Көкше» әнін үзілдіре салды. Біздің ансамбль әншілерін баянмен сүйемелдеп қолдау білдірді.

**Таза ауаның сыры**

Ертеңіне жергілікті тұрғын Бектас Бектұров ақсақалмен танысып-білістім. Қызылорданы өте жақсы біледі екен. Жас кезінде «Байқоңыр» айлағында әс-

кери борышын өтепті. «Ой, сіздер жақта көз аштырмайтын жел қатты болатын. Әлі де солай шығар. Мен сол «Байқоңырда» осыдан алпыс жыл бұрын 3 жыл әскерде болдым. Күн өте ыстық болады екен. Білем, Қызылорданы да көрдім. Сіздер қай рудансыздар? Мен Орта жүз ішіндегі Арғынмын. Оның ішінде Алтай-Қарпықпын. Ақан сері руынанбыз» деп қойды бізбен әңгімесінде. Біз де өзімізді таныстырдық. Әңгімеміз жаразып-ақ қалған секілді. Ол сол мандағы «Көбелектер әлемі» атты музейде қарауыл болып жұмыс жасайды екен. Бектас ағаның айтуынша, коронавирустен ауырған адамдар арасында осында келіп таза ауамен демалып, құлаң таза жазылып кетушілер көп болған. Жергілікті халықтың ол аурумен ауырмағанын айтады. Бәлкі, рас та шығар.

Сіздер түнде сағат 3-тердің шамасында тұрып қарағайдың арасына серуендеуге шыққандарыңыз дұрыс. Өйткені сол уақытта қарағай басындағы гүлдерін бүркеді. Орман іші қалың тозаңға айналады. Сол қолқаға, өкпеге жақсы әсер етеді. Тіпті аурудан дәрі де алып ішпеңіздер. Ол кезде жаныңызға таза ауаның жағып, тыныс жолдарыңызға әсер етіп жатқаны деп түсініңіз. Үш-төрт күннен кейін ауырғаны өзінен-өзі басылып, денеңіз жеңілдей түсіп, көңіл-күйіңіз серги бастайды, – деді сөзін түйіндеп.

Расында сол күні біраз адамның қайта-қайта жөтеліп, мазасы қашып жүргенін байқағанмын. Сол күні ертелетіп дәріханаға барып жөтелге қарсы дәрі алып қойғанмын. Бектас ағаның сөзінен кейін дәрі ішпедім. Дене қызуым екі-үш күнде басылды. Түнде сағат 3-те тұрып, орман арасында топ-топ болып жүретін болдық. Шынында ауаның хош иісі болар. Қарағайдың ішінен жүре түсеміз. Таң сыз бере бастағанда айнала қарасаңыз, қалың тұманның ішінде келе жатқандайсыз. Орман ішінде алдымен тоқылдақ ағашты тоқ-тоқ еткізіп ұрғылай бастайды. Артына бұлбұлдар сайрай жөнеледі. Ле-шала ағаштан ағашқа тиіндер секіріп, шықылдай түсіп, қарағай арасын неше түрлі дыбысқа бөлеп, таң-тамаша етеді. Мынадай құстар шаттығынан кейін көңіл-күйің көтеріліп сала береді.

**Орман ішінде тәртіп қатты**

Орман ішінде орынсыз айкайлассаң, себепсіз от жақсаң, 15-20 минуттың ішінде полиция немесе төтенше жағдайлар өкілдері жетіп келеді екен. Күнде ертеңгілік сағат 11 мен 16-лар шамасында ТЖ қызметкерлері тікұшақпен бір шарлап өтеді. Бектас ағаның айтуынша, ағаштар арасына бақылау камераларын орнатып қойған. Қай ағаштың басын қарап жүресің, бәлкі, шын шығар. Бірақ, біздің білгеніміз орман күзетін барынша қолға алған. Түбі шіріп құлап қалған ағашты алуға жергілікті тұрғындардың құқы жоқ екен. Ағаш түгілі, қайың шырынын өз беттерінше алып ішуге тыйым салынған. Ағашты қорлау, жаралауға болмайды. Қайыңға шеге қаққанның өзіне 162 мың теңге көлемінде айыппұл төлейді екен. Ол жерде бұтаны сындыруға бол-

майды. Міне, табиғатқа деген құрмет, аялау деген осы болар.

**Бауыржанмен болған әңгіме**

Зерендінің сыңсыған орманын көрген біздің «Мына ағашты кесіп алып тамның үстіне салса ғой...», «Түбімен қопарып жұлып алып ауылға бардым. Бауыржан ініміздің солтүстікті қазақиландырсақ деген мақсатпен еңбек етіп жүргенін көзбен көріп, риза болыстық. Осындай қайратты жастарымызбен ел келешегі бекем болмақ.

Зеренді ауданы бидай егумен айналысады екен. Аудан орталығы туристік бағытта дамуда. Әсіресе, қысқы туризмді жақсы дамытқан десек болады. Қыста ай сайын



жер де сіз бен біздің жеріміз емес пе? Мынадай табиғатқа бай жерімізді қалай сақтап қаламыз деп неге ойламаймыз? Осы аймақтың өзінде 50-ге жуық демалыс орны бар. Ең арзаны бір күнге 16 мыңнан 40 мыңға дейін. Жергілікті тұрғындар үшін бұл – бизнес көзі. Алайда, қазақтар саны артса, бұның құнын түсіруге болар еді. Шетелден келушілерге өз алдына жоғары күн қойып, өз еліміздің демалушылары үшін төмендеу баға қоюға болады. Өйткені бұл – бизнес. Осы жерде 14 жылдан бері мынадай табиғи байлықты қайтсем сақтап қаламын деп зыр жүгіріп жүрмін. Нанасыздар ма? Келген бауырларыма «қорықпай көшіп келіңіздер» деп айтамын. Сонда сіздер келмесіңіздер, кім келеді? Болмаса балаларыңыздың біреуін жіберіңіздер. Осындай табиғаты сұлу жерге еге болуымыз керек. Сіздер тарихты жақсы білесіздер. Қазір шүкір, Аллаға қазақтар саны артып келеді. Бұл жерде Аралдан, Қазалыдан, Қызылордандан, Шиелден келіп қоныстанып жатқандар баршылық. Мен мынау Жамбылданмын.

Былтыр қызық болды. Осы Зерендінің бас көшесінің атауын қазақшаға ауыстырамыз деп әкімдіктегілер жиналыс жасады. Сонда халық өре түреп, қазақшаға ауыстыртып. Зеренді ауданының Құрметті азаматтары дауысқа салғанда қарсы болғандар басым түсті. Содан кейін «ауыл жаққа қайтсам ба...» деген ойымнан айналып қалдым. Мынау Зеренді орталығында, ауылдарда үй бағасы өте арзан. Осындай мүмкіншілік бар кезде балаларыңызды жіберіңіздер, осы жаққа. Көмектесеміз. Осы жерімізді қазақиландырып алуға көмектесіңіздер, – деп ой тастады.

Ардагерлер бойынан

күш қайтқан тұста «дұрыс екен» дегеннен басқа не айтсын? Бауыржан ініміздің намысқойлығына, елжандылығына риза болдым. Шынында Солтүстік жаққа барудан жастарымыз тайсақтамау керек. Расында ел біздікі, жер біздікі. Жас кезде, бойда жалын барда бәрін игеріп алуға болады. Бауыржан ініміздің солтүстікті қазақиландырсақ деген мақсатпен еңбек етіп жүргенін көзбен көріп, риза болыстық. Осындай қайратты жастарымызбен ел келешегі бекем болмақ.

Зеренді ауданы бидай егумен айналысады екен. Аудан орталығы туристік бағытта дамуда. Әсіресе, қысқы туризмді жақсы дамытқан десек болады. Қыста ай сайын



жүздеген адамды қарсы алып, шығарып салады. Зеренді ауданының Құрметті азаматы, әуесқой шаңғышылар одағының төрағасы, «Көбелектер әлемі» музейінің директоры, 85 жастағы Шаров Виталийдің айтуынша, қарағайлы орман ішінде 500 метр тау шаңғысының жолы бар екен. Біз басына күнде шығып жүрген «Махаббат тауы» етегінен бастау алатын жолда шаңғышылар қыста жарыс көрігін қыздыратын көрінеді.

Зеренді орманында Мақсұт Бакеев екеуіміз серуендеп жүріп биіктігі 1 метрдей болатын құмырсқаның илеуін көріп таң-тамаша болдық. Біздің жақта құмырсқаның илеуі жер астында болса, бұл жақта тіпті басқаша, жердің бетінде. Үйінді жанында бірінен бірі аласа болып келетін жеті үйшік бар. Быжынаған құмырсқалар көдімгі қоттедждің үйден кіріп-шығып жатқандай өріп жүр. Ойымызға Көкшетау баурайындағы Ботай тайпасының өмір сүрген тұрғын жайлары түсті. Құмырса илеуіне қарап олар өздерінің тұрғын жайларын тұрғызған ба, деп жобалаған болдық. Біздің ойымыз жай болжам болғанымен, бәлкі, бір сәйкестік бар шығар, кім білсін?! Мәкең екеуіміз илеуді аумағымен суретке түсіріп алдық.

**Аққу-қаздың мекені**

Зеренді көлі аққу-қаздың мекені екен. Әдемі көрініске қызыға қараған жанымызда тұрған денсаулық саласының ардагер қызметкері Айжан Әбенова өзінің өлең жолын шабыттана мөлдірете төгіп салды.

– Мынау неткен көл бетінде жарасым, Сезімдердің бөлмендерші арасын.

Жарасымға жоқ қой менің таласым, Зерендіге оралған ба, Мұқағали аққуы, Тимендерші, басып шықсын баласын!

Үркітпендер, тиіспендер аққуға, Сезімге күйге бойы балқып жатқанда. Оны аялап ояптаған ақ таңда, «Жетімкөлден» сая таппай келген-ау, Зерендіден табайын деп бак мұнда! –

деп өлеңін аяқтағанда, құстар үркіп кетпес үшін аяғымыздың ұшымен жүріп, үнімізді шығармай алыстай бердік. Содан Айжанның өлеңіне риза болыстық. Ол «мен ақын емеспін, бірақ анда-санда осылай жазатыным бар», деді жылы жымиып...

Ертеңіне сол көлге қайтып келіп табиғатын тамашаладық. Зеренді орманы ішіндегі бұлаққа бардық. Алдында бұл жерге жете алмай кеткенбіз. Бұлақ басында өз көліктерімен демалып жүрген адамдарды жолықтырып, танысып алдық. Олар да ақжарқын жандар екен. Қызылордалық екенімізді білген біреуі: «Ее, Бердібек Сапарбаевтың жерлері екенсіздер ғой» деп қалды. Біз де оның сөзіне елең ете түсіп, жақын тарта бастадық. Қазақпыз ғой, адам сөйлескенше дегендей... Жанымдағы Нәти мен Ажар «Сіз ол кісіні қайдан білесіз, әлде қызылордалықсыз ба?» деп қосарлана кетті.

– Менің есімім Медет, – деп алдымен ол өзін таныстырды. Жас шамасы өзіміз қатарлы көрінді.

– Бердібек Сапарбаев біздің Жамбылда әкім болды ғой. Біз жамбылдықпыз. Осы тобымызбен демалуға келгенбіз. Оқушылар лагерінің жанындағы демалыс үйінде жатырмыз. Бердібек Машбекұлы бізге келісіммен Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Жамбыл облысы тұрғындарының тұрмыстық табысын арттыру» жобасын дайындап, соны жүзеге асырды. Бұл жоба бойынша ауыл халқына 2,5 пайыз мөлшермен несие беру көзделген. Ол кісіні біздің жамбылдықтар құрметтейді. Жалпы қызылордалықтар өте ширақ, өте қоңақшыл, пейілдері кең адамдар ғой деймін. Ол кісі елді аралағанда басшымын демей, қарапайым халықпен тез тіл табысып кететін. Соған қарап айтып жатқанымыз ғой. Сіздер де бізбен тез тіл табысып кеттіңіздер, – деп пейілді білдірді. Олармен қош айттысып, тобымызбен Жыланды тауына қарай тарттық. «Жыландыдан құлай ағып, гүрілдеп жатқан Сарқыраманы қызықтадық.

Қайтуға қараған күні Зеренді жазығындағы Балқадия ескерткішіне барып тағзым еттік. Үстіне әке-лең көйлек киген Балқадия шығысқа қарай қос қолын жаймап деп жайып елдің амандығы мен сезімге селкеу түспеуін Алладан тілеп тұрғандық. Осы сәтте қасымыздағы Айжан Әткелбайқызы Балқадияға арнап өз өлеңін оқи берді.

– Сұлулықтың періштесі мәңгі тірі екен ғой, «Өлді» деген өзіңді жалған сөздер екен ғой. Сізге келдім, тағзым еттім, жетер ме ой, Ақ маңдайы жарқыраған ай Қадияша екен ғой! Ақан сері мұң жұтып, саған ауған аңсары, Өнге қосып өзіңді, ғашықтық зарын тартады. Көкке өрлеген бейнеңіз сезім жырдың арқауы, Хас сұлуы қазақтың, қызы өзіңіз жоталы! – деп Айжан өлеңін оқып болып бетін сипады. Бізде Балқадияның рухына Құран бағыштадық. Сонымен елге, Қызылордаға қайтуға бет бұрдық. Қайта айналып келгенше, қош бол, Зеренді, қош бол, Көкшетау! Өзіміздің мініп келген №56 «Көкшетау – Қызылорда» пойызына қайта отырып, қайдасың, Қызылорда деп ауылға бет түзедік.

Асығып-ақ келеміз, бірақ ұзақ жол жеткізер емес...

**Кенжалы ЕРІМБЕТОВ, ҚР Ақпарат саласының үздігі Қызылорда-Көкшетау-Қызылорда.**

(Соңы. Басы №91-92 17.06.2023)



Өмірдің шыжығын да, салқынын да көрді. Шуақты күндері аспандап, шегіне жете толқып-тасымаған, ренішті сәттерде қатты абыржып, күйінбеген, сабырдан алыс ұзамаған. Мекеменің белді адамы. Белел-абыройы да аз емес, қалада оны көпшілігі таниды, біледі, сыйлайды. Зейнетке шығуына екі-үш жыл бар. Жұмыстан соң немересін ертіп спорт дүкеніне келді. Мақсаты – оған мұз айдынында сырғанайтын коньки алып беру. Коньки биік былғары бөтенкеге бекігенін таңдады. Өлшеп еді, құйып қойғандай, былқ етер емес. Баяғыда қатарымен бірге ауылда конькимен сырғанағаны есіне түсе кетті.

Ата-анасы қаладан қолына іліккен коньки әкеледі. Оған ширатылған жіңішке жіп байлайды. Көл жағасында сол жіптермен конькиін етігіне ылаждап бекітеді. Сосын жарысады кеп, қолына иілген бұтақ ұстап, доп қуып ойнайды. Мұз бетіне шығып тұрған сиректеу жіңішке қамыс сабақтарына сүрініп талай құлағаны, тізенің көгергені әлі естерінде. Сонда да ешкімге ессен жібермей, ауылдағы барша мүмкіндікті пайдалана ойын-сауық құратын.

Енді міне, немере қамымен жүр. Өткенге көз жүгіртіп, таразылап, талдап, бағалаудың уақыты жақын-даған сияқты. Өмір мақсаты не болғаны сонда?! Ол орындалды ма? Сол өмір неден басталып еді? Әрине, ауылдан. Туып-өскен ауыл қадірі қашан да биік. Анда-санда ауылдастарымен кез болғанда бірін-бірі құлды біраздан кезікпеген бауыры сияқты ыстық құшағына алады. Мектебіне барар жол бұрылысындағы бұта ығында, арасында ажырығы аралас жиі қаулаған өлені, төтті түйіршігінің бір-екеуін тілге басқанда бет-аузында сия жағылғандай бойытын нәстестеу мүйістегі қарамақтың көсіле жайылып жатқаны, мамыр айының ортасын ала анадайды мұрныңды жаратын тамаша иісті сары майда гүл ашатын жиде суреті санасында со бойы жатталып қалған. Ойын қуып, шаршаған уақта жиі өскен биік ажырық алаңына құлай кеткен бала құлды қалың көрпеше үстінде жатқандай сезінуші еді. Аумағы мал шаңлағымен қарайлас, топырағын қайда, не үшін алғаны белгісіз, маңдытып еш нәрсе көгеріп өнбеген, ыстықта ала шаңды, жандырда батпақты сайдан өтіп, ақыры мектебіне тірелетін. Мектеп алды жапырағы шулаған екі тал. Көз ұшында, терістікте сексеуіл шырпысын жамылған аласа құм жоталары жылтылдайды.

Кім білген, заман солай ма, әлде адамның пейілі өзгеріске ұшырады ма, әйтеуір қалада жағдай өзгеше. Асығыс тірлік, бас ізеспін аманда суғана, арнайы шақырмаса бірінші үйіне бірі сүйрегіненің бас сұқпайды.

Бұлар артта қалған ауылдағы дәуірді аңсайды. Балалық шақ бірге өтті. Жаз болса үй алдындағы жерді аударып, қарықтап, дақыл егетін еке-шешеге көмектесе, ауыл сыртындағы атшаптырым көл жағасында қалың өскен құрақты қолорақпен ору да осылардың міндеті. Куз келсе қысқа құлақты басталады. Ауыл маны біткіп жыңғыл. Әріректе ол тығыз және ірі. Соны балалар топтасып барып шабады, дестелеп жинайды. Пешке жыңғылды бұтап жағады, көмір атымен жок.

Ардақ – класс ішіндегі алғұры. Қатары арасында сыйлы. Мығым, аз сөйлеп, мол іс атқаруға ниетті. Төрт үйден кейінгі көршісі Артық керісінше, жеңіл, сөзге жақын, жанғалауға. Екеуі бір топта. Мектепке бірге барып, бірге оралады. Содан біріне бірі үйір. Қолтық әрірек тұрады. Ол нәзіктеу, білімі орташа, сөзі аузынан түскен болыр, көп араласпай ылғи шеттеп жүргені. Бұлармен бір класта Сәрсен де оқиды. Ол біліме құштар. Бірақ, мінезі тұйықтау, біртөкпейлеу.

Үй шаруасына пысық, ұстаған балтасы ылғи өткір, сондықтан күзде, қыста жыңғыл шабудан Ардақ алдына жан салған емес. Жыңғыл бұтағының білекке жетеғабыл жундарын қырады. Майдаларына тиіспейді, өсе берсін деп. Және балтаны қиғаштап бір-ақ сілтейді, кейде екі рет. Кесілген жыңғыл бұтағы жағдай менмұндап сәнденіп, үшкірленіп. Мүмкін, осы мінезде алғы өмірінде ұстаным болар тиянақтылық пен жүйелілік, мақсаттылық пен қайсарлық нышандары байқалған болар. Өзге балалар баста шапқан жерінің о жақ бұ жағын қайта-қайта ұрғылап, мылжалап, берекесін қашырады, құлды жыңғыл бұтағында ала алмай жүрген өші бардай қинап, өздері де болдырып. Артық екеуі кеше жыңғыл шапты. Аралары әжептәуір, әудем жерде, отындары араласып кетпес үшін. Ертен олар жыңғылды есек арбамен тасып алмақшы. Арбаның қолға түсуіне қарай. Әр үйде ол бала бермейтін.

Төрт-бес күнді артқа салып, арбаға қолы жетісмен Ардақ жыңғыл шапқан тұсқа келді. Сөйтсе, дайын жыңғылы тып-типыл жоқ. Біреу сыпырып кетіпті. Қатты ренжіді. Өзгенің пасықтығы мен күпірлігіне. Досының үйіне күн бұрын отын түскенін біледі. Сол үйге тақады. Кеше түскен жыңғыл үйіліп жатыр. Түптеріне қарады. Шапқан бұталары көзіне оттай басылды. Байбалам салуға ұяты жібермеді, бірақ, Артыққа деген мұның жүрегі суи бастады. Осындай жағымсыз, әдепсіз іске оның неге, қалай барғанын іштей түсінбей өлек.

Ертесіне Ардақ Қолтықпен кез бола кетті. Қолтық Артық үйіне арбамен жыңғыл түсіріскенін айтты. Алғашында бөлек үйілген жыңғылды тиендерін, сосын әріректе қырқылған бұтаның ірлеуі екенін сөз етті аңқау Қолтық. Ардақ бөрің түсінді. Одан әрі сұраған жоқ, Қолтық та тиенге отынның жарысы Ардақтың екенін сезген жоқ. Келесі күні Ардақ Артықпен жоқтық. Көзі жыпылық-жыпылық етіп, төмен қараумен болды. Бұл онымен салқын ғана амандақаны болмаса шешіліп сөйлеспеді.



Екі-үш күн көрінбеген Қолтық сабаққа бүгін келді. Көзінің айналасы қарауытып тұр, шамасы бұрын ол біреуден таяқ жеген сынайлы. Мұның сырын Ардақ салғаннан түсінді. «Ұры іштей қуыстанады» дегендей, кінәсіз Қолтықтың бекерден таяқ жегеніне таңданды.

Қалаға қоныс тепкелі ширек ғасырдан асты. Әрқайсысы әр саланың мамандары. Ұжымда Ардақтан бір-екі жас үлкендеу Жарқынай бар. Ол да – Ардақ сияқты осы мекемені қолымен қойғандардың бірі. Зейнетке жасы келгенімен әлі осында, өйткені, көпке қажет, тәжірибесі мол. Түскі үзілістің соңын ала мекеме азаматтарының қапталдас жатқан дүкендерді анда-санда шолып шығатын әдеті бар еді. Осындай сәтте сол кісіге Ардақтың хатын қызы кез бола кетті.

– Алай, сізге күлкілі жайтты айтқым келеді. Мен Ардақ ағаның қабылдау бөлмесіндемін ғой. Бөлімде істейтін келіншек отырған қасында. Бастық жоқ еді. Артыңша Ардақ аға кіріп келсін. Екеуіміз де орнымыздан ұшып тұрып амандастық. Ол кісі кабинетіне асықпай өте берді. Сол заматта жаңағы келіншек артынан иіліп сілтеп салсын. Маған осы қызық көрінді. Тіпті күліп жібере жаздадым. Кейін осындайды басқалардың жасағанын тағы бір-екі мәрте байқағаным бар, – деді ол.

– Сәлем салды сонынан дейсің бе? Оған сенімдімісің? Мүмкін, саған солай көрінген шығар, қарағым!

– Жоқ, апай! Мен ауылда өскенмін. Келіндердің үлкендерге сәлем салғанын талай көргемін. Дәл сондай болды.

– Гажап екен! Сен түсінген жоқсың ғой оның мәнісін?

– Қайдан түсінейін? Мұндайды бұрын көрмесем!

– Мен де жөнді ұқпай тұрмын! Бірақ, жадыма ертеректе анам айтқан сөз келіп тұр!

– Ол қандай сөз еді, апай?

– Е-е! Өзім анығына жете алмай тұрып, саған не дейін?

Анасы «Қарағым, тәуір адамның жақсылығы мол болады! Саған ол тікелей ішпағатын тигізбей-ақ қойсын! Бірақ, онды адамның қасында болуың, маңынан табылуың, жағымды өнегесін үйренуің, онды тәлім-тәрбиесін көру де аз емес!» деп еді. Ендеше, жаңағы келіншектер Ардақтың айналасына таратып жүрген игілігінен үміт күткен болар! Олар, шамасы, өмір мұқтажына кезіккендер. Адамнан сұрап ала алмайтынын Ұлы Жаратушыдан Ардақ арқылы тілегені шығар. «Жақсыдан – шарапат» дегендей. Әлде, жақсы адам Аллаға біртәбан жақын жүре ме?! Ардақтың дұрыс адам екені рас. Өйткені, ол қиянатқа бармайды, өтірік айтпайды, әділ. Сауатты, білімді, ұстамды. Алла оған жарасымды келбет те беріпті деп, түйді ішінен Жарқынай.

Ол екі-үш жыл бұрын Сәрсенмен кез болған. Тұрағы қаладан көш жерде, өзеннің малға жайлы шұрайлы қуысында екен. Бала-шағасымен осы тірлікке бейімделген. Жағдайы бөтен емес. Телефон арқылы хабарласып, келіп кетуін өтінген болатын. Сонда бұйымтайын да айтқан еді. Пайдаланып жатқан жер құжаттарын реттеп алуға көмек сұраған. Алайда, Ардақ оған жарамды көмек бере алмаған.

Жол түсіп, Ардақ Сәрсен үйіне бүгін тағы соқты. Сәрсеннің түрі жүдеңкілеу, көңіл-күйі бұрынғыдай емес. Бұл төптіштеп сұрамай-ақ, ол мән-жайды бірден өзі түсіндірді. Сізден кейін көмек сұрап Артыққа бардым деді ол. Ол бірден келісе кетті. Жерімді асықпай бірге аралады. Бар құжаттарды түгелдей қолына ұстаттым жылдам кірісем дегесін. Шамалы уақытта жанадан дайындаған қағаздарды әкеліп маған көл қойдырып алып кеткен. Содан тағы көп ұзамай қолыма дайын құжатты табыстады. Тек түсініксіздігі – жерімнің жарысын ғана иеленгенім. Қалған жарысы мемлекетке тиесілі болды, өйткені ол ережеге сәйкес келмейді деді. Малға қажет қонды жайылымнан айырылдым. Кейін білдім сол жер оның жақын адамына берілгенін. Осы құлағына тиісмен Ардақтың түрі бұзылыққырап кетті. Шамалы ойланғасын, күрделі шешімге келгендей көтеріңкі дауыспен:

– Қолыңда бар құжаттарыңды бер маған! – деді.

– Сәрсен бірден қағаздарды жинастырып, Ардаққа ұсынды.

– Ешнәрсе қалған жоқ па? Сен осы аумақ нағашы атамнан қалған жер деп едің. Ендеше, соны дәлелдейтін құжат болуы керек, – деп сөзін жалғастырды Ардақ.

Басын сипап қалған Сәрсен, шамалыдан соң төтен олжаға ұрынғандай: «Таптым-таптым, есіме түсті, таптым!» деп, қуана, ескі сандықты ақтарып, ішінен сарғайған қалың қағазды алып шықты.

Ардақ шығып кетті. Бір жеті өтті хабарсыз. Он тәулік артта қалды үнсіз. Сәрсен әйтеуір шыдап бақты. Айға жете-қаба ақыры жетті-ау Ардақ. Құр келген жоқ. Мол іс бітіріпті.

Ардақ араласып, Сәрсеннің бар жерін қайтарып бергізді. Абырой болғанда Сәрсен сандығы ішінде нағашы атасының ескі құжатты табыла қалғаны. Сол қағаз арқылы бөрі орнына келіпті. «Залымның арты бір уыс» дегендей Артықтың ықпалымен шындықты бұрмалағандар сол құжатты көргесін, шалқасынан түсіп, есінен танып қала жаздапты.

Үндемейтін Қолтық қазір әңгімеші. Уақыт адамды өзгертеді деген осы шығар. Әсіресе көңілді сәтте оны тоқтата алмайсың! Кешегіні сөз етуге шебер. Бүгін ол сол сарынға тағы ойысты.

– Өткенде бір кісі телефон соқты. Ертеректе біздің ұжымды мықты ұйымдастырушы, іскер азамат басқарып еді. Соның рухына арналған кітап дайындалып жатыр екен. Естелік жазыңыз дейді. Жырға жылдан астам уақытта менің жадымда сол азамат туралы мәліметтер тұратын ба еді?.. Ақыры ешнәрсе жазбадым. Ана адам бір-екі мәрте тағы қонырау шалды, шаршаған болуы керек, кейін хабарласуды қойды, – деді ол.

Ардақ мығынан жымиды жой ғана. Сәл қозғалып сөз бастап кетті. Түнеукүні көпті көрген, мол жасаған, сонда да болмыс салмағына анау айтқандай еңкейіп, иіліп, беріле қоймаған қария сөзін тыңдағанын айтты.

– Балалар, сендер қазір бар істі аударып жүрміз деп ойлайсыңдар. Сөз жоқ, пайдалы жұмыс атқарып, жұрт үшін керек тірлікті орындап жатырсыңдар. Ол рас. Бірақ, одан да салмақты, құнды істерің бар әлі игеретің. Біз соны өткіріп келеміз. Сол мағыналы істі адам баласы көбінесе зейнетке шыққанда оңғарады екен. Себебі, қолы бос, уақыты жеткілікті, білімі бар осыған дейін жинақтаған, және оның санасында сол кезде гана: «Жұртқа, елге көмегімді тигізейін, обал-сауабы мол іс атқарайын» деген ой пайда болады екен. Жас шағында, жігіт ағасы, кісі болғанда да сол ой адамды көп мазаламайды, өйткені, шындығына келгенде ол кезде сананды шыр айналдырар құйкі тірліктен адамның қолы да, ойы да босамайды, – деп еді сол қарт.

– Өзіне, орындар, аталы сөз! Дегенмен, ақсақал пайымы кей жерің қолдамайтын ойым да бар. Өйткені, адам әртүрлі. Бір азамат жетпістен асқанмен оның қарттық салмағы мен жауапкершілігі әлі жұтаңдау. Ал екіншісі зейнеткерлікке жетпей-ақ жұрт алдындағы мол жүкті түбегейлі сезініп, пенденің парызы мен қарызын барынша нық таразылайды, – деп сөз жалғасты Ардақ.

– Ендеше, сен Қолтық оңбай омақаса жығылыпсың! Айтулы азаматтың басқаруымен жұмыс атқарсаң, неге сенің жадыңда мардымды ешнәрсе қалмағаны?! Дені сау адам алты-жеті жасынан кейінгіні жадыңда сақтайды. Күшіңнен асыраған ит те жоғалып кеткенмен, қанша уақыт өтсе де өз иесін танып, қуанатынын, сен білемісің? Сен, осы адамға жақсылық істедің бе? Қайдам! Алла саған сол мүмкіншілікті берген екен! Сауап мықтысы аруақ алдындағы парызы орындау еді ғой! Сен, бейбақ, одан да құралақан қалыпсың!..

– Астапырала, сен не деп кеттің Ардақ! Өмірімде адамға қиянат істеген емеспін!

– Дұрыс айтасың, Қолтық. Сен біреуге зиян да, жақсылық та істемеген адамсың! Ендеше, сенің жұртқа қажетің қанша?! Жарайды, сен қиянат істемейсің! Бірақ, сен өзгенің біреуге қиянат жасап жатқанын көрдің бе осы?

– Ия, талай көрдім!

– Зорлық көруші азаматқа жақтасып, араша түстің бе?

– Оның маған қажеті қанша? Маған тыныштық керек!

– Міне, сенің бейшаралық болмысың осы! Онда, сенің өзгеге қиянат көрсеткен пенделерден айырмашылығың бар ма?!

Артық пен Қолтық Ардақ қызмет жасайтын мекеме есігін ашты. Бірден Жарқынай отырған кабинетке бұрылды. Салынатын жаңа құрылысқа рұқсат беретін бөлімді басқарады Жарқынай. Бұрынрақта Қолтықтан өтініш түскен еді. Қала аумағында өндірістік шағын құрылыс салуға рұқсат сұраған. Алайда, ережеге сай құжаттардың түгел болмауынан бөлім сұранысты кейін қайтарған еді. Қолтық бүгін Артықты алдына салып, док көрсете келіпті.

– Өтінішім неге қайтарылғанын білейін деп едім, – деп сөз бастады Қолтық.

– Неге қайтарылғанын жазып едік қой! Құжаттар түгел емес, – деді Жарқынай. Сол-ақ екен, Артық орынан ұшып тұрды.

– Білеміз, сіздің өзгелерге қалай рұқсат беріп жатқаныңызды! Мына момын, өздігінен беріп шаруаны бастамақшы болған қарапайым азаматты неге қинап отырғаныңызды! – деді ол зілдене.

– Сіз кім едіңіз маған соншама айып тағатқандай? Мен өз міндетімді армыа сай атқарып келе жатқан маманмын, – деп, салқын жауап қайырды Жарқынай.

Дәл осы сәтте кабинетке Ардақ енді. Ардақты көрісімен Артық мүлде шабыттанып кеткендей, дүрсе қоя берді.

– Ел арасында сөз жатпайды деген, естіп жатамыз түрлі әңгімені, көне, сол рұқсат қағаз үшін мына сорлы қазақ қанша беруі тиіс сендерге, – деп ол бастырмалата жөнелді.

– Сен не сандылып отырсың осы, саған тиіш жүруді бұйыртпаған-ау! – деп тоқтатты оны Ардақ.

– «Су да жақынына ағады» деген, сенің келгенің мұндай жақсы болар ма, Ардақ досым, бізден алатындарыңды екеуің қақ болып алыңдар да, ісімізді бітіріңдер, – деп Артық зымияндық пиғылын одан сайын аша түсті.

– Артық, сенің ойыңды да, бойыңды да ұсақ пенделік пейіл мен мақсат билегеніне көп уақыт болды! Бүгінгі мынау болымсыз, ұят жүрісің соның айқын көрінісі мен дәлелі. Саған сөзім жоқ! Қолдарың Жантығындай жақсы қосылған екенсің Артыққа, сен Қолтық! Асықпасаң, жеткізер мұратыңа! Барған сайын кіре бері үгітіліп, майдаланып, ұнталанып Артық қолтығына, аңқау неме! Енді айтарым жоқ сендерге, тағы кідіре болсаңдар тиісті орынға жауап берулерің хақ! Жағдайды ушықтырмай, тайыңдар бұл жерден, – деп Ардақ сөзін аяқтады.

Артық үйіне келді. Апыл-ғұпыл шайын ішті. Өзімен-өзі сөйлеп кеткенін байқамай қалды:

– Қарай гөр, дәмесінің зорын?! Шындықты айтпайсың дейді! Шын-шырын пөтшағардым! Мені өзіндей көрдік, білем! Ж-о-о-қ! Мен ондай бол-маспын ешуақытта! Өркімнің бетінен алып, мінін айтып, жек көрінішті болатын мен емес?! Шындық айтуды соған-ақ бердім. Содан не береке тауып жүргенін өзі де білмейді?

– Осы пәс пөтшағарлар маған тиіскіш! Менде не шаруасы бар екен? Өздерін неге үлгертіп алмайды, өмірге икемі жоқ өңкей ынжық! Бұлар баршасының тең болғанын қалайды! Оқымысты айтқан екен: Дүниеде бір адам екінші адамға ұқсамайды, әр адам өзгеше, оның жолы мен несібесі бөлек, ол өзіне бұйырған қабілетіне сәйкес өмір сүреді деп. Сол ып-рас! Менің қабілетім, ақыл-ойым биік, сондықтан мен жақсы өмір сүріуім керек! Өзгеде менің шаруам жоқ! Осыны сезбейді-ау бұл пасықтар! Момын шіркітерді жұмсап, пайдалануым керек, бабаларым соны жасаған кезінде!

Бөлме есігі ашық еді. Әйелі кіріп келді. Ол танданыспен:
– Кіммен бақылдасып сөйлесіп жатырсың? Үйге біреу келді ме десем, сайрап отырған бір өзің екенсің ғой! Бұл не сұмдық, жалғыз адам өзі отырып шулап сөйлескенді көруім осы?! Не болды саған? Бұрын мұндайың жоқ еді! Әлде, бірнәрсенің салқыны тиді ме саған?!

– Шошыма, қатыным! Асылы, дұрыс кеузейсің, сен! Асықпасаң, маған дүниенің салқыны емес, ыстығы мен жылысы жұғысатын болады! Көр де тұр, менің уақытым туды бәлем!

Кешқұрым Қолтық Сәрсен үйіне келді. Кірісімен сөйлей жөнелді.

– Сәрсен, сен менің ең жақын досымсың! Екеуіміздің жақындығымыз сонау жас кезімізден-ақ байқалған. Сөзіміз де, ісіміз де бір жерден шығатын еді сол уақытта. Қазір де сондаймыз.

– Иә, Қолтық, айтқандарыңның өтірігі жоқ. Жастығымыз тамаша ауылда өтті ғой. Ол бір ұмытылмас заман еді-ау!

– Өзгелердей емес екеуіміздің тірлігіміз де орайлас, әйтеуір шама-шарқымызға қарай күн көріп келеміз, Сәрсен! Сенімен бұрын да кездесіп пікірлескім келіп жүрген. Әйтеуір, тілеулес адамдармыз ғой. Пендеге не керек? Көп керек емес! Шындығы айтар болсам, маған Артықтың жолы ұнайды. Ол ешкімге ессен жібермейді. Одан үйренеріміз көп. Ол өрнәрсенің жөнін біледі. Қалай ойлайсың? – деп, Қолтық желімдей жабыса түсті.

– Солай екен-ау! Кім білген, көп нәрсені бара түсінеді деген рас болар.

– Солай, Сәрсен досым! Әрдайым бірге жүрейік. Салқын күзде ық болардай адамға пана керек! Артық сондай азамат! Тегі, одан сен де зиян таппасың! Жақында ауылымызға барамыз. Жиыннан соң бірден қалаға шапқыламай, шамалы аялдап, аз-кем еңтігімізді басып, бір-екі күн қол-ағымызды жазайық. Қарсы болмаса, сенің інінің қора жайы кең көрінеді, сол үйде демалайық. Мынау соған арнайы Артықтың беріп жатқан сәлемдесі деп, Қолтық Сәрсенге газетке ораған қомақты қаржы ұстатты.

Бұлар өскен ауылында мектепті бітіргендеріне қырық жыл толуына байланысты бас қосып еді. Салтанатты жиын кеше өтті. Сәрсен інісінің үйінде шай ішіп отыр. Ұзаққа шабатын аттың басын қоя беріп, тізгінді тартпай алаңсыз босатып, өткен-кеткенді барынша көңілдері мен саналары қаныққанша ағытып, енді шамалы саябырлаған уағы. Сәлден соң жол жүрмекші. Ойда жоқта Артық төтен сөз сұырды.

– Қырық жыл айтулы мәре ғой! Ендеше, жеткен жетістігімізді айта отырайық! Ортамызда ерекше қабілетті адам отыр. Өзгені сыңға алып, кім-көрінгенге себепті-себепсіз тиісіп, тыныш жатқан жұртты мазалап, құлды дүниенің бар шындығын өз бойына жинағандай, қате-кемшілігі жоқ пенделей, айналасына ылғи ақыл айтатқандай білгір бар ортамызда. Ол – Ардақ досымсыз. Сенен әрдайым өзгенің қамын жейтін адамның кейіпін киген пендені көреміз. Өзгені былай қоя тұрайық! Осы сен, алдымен өз қамыңды неге күйіттемейсің?! Ендеше, сен осы жаңа бас білген, үстіңдегі қайраты төмен балаға бой бермей, айдалаға шапқан асау құнандайсың?!

– Сен кеселе ұшырағаның, Артық! Өзің жасап жатқан ісіңді, жаныңдағы дұрыс деп ойлайды деп сенесің. Қатең сонда. Білмеймін, осыған сен шынымен сенесің бе, әлде бұл сенің өзіңше тауып алынған сасық құлығың ба?! Мүмкін, осыныға сен солайымен сенетін де шығарсың. Онда сенің кеселің ауыр, оның емі жоқ.

– Айтпақшы, осы жұрт сені, Ардақ, білімді, сауатты дейді. Ендеше содан сен не пайда тауып, не сый көрдің, ә-ә?! Соны айтшы, көне? Менің шамам сенен анағұрлым артық! Кім білген, Алла маған сондықтан Артық деген ат бұйырған да шығар! Сен осыны сезесің бе?! Міне, әділдігің мен шындығыңның бағасы сол! Сен екен ғой болмыс сырын түбіне жетіп түгендеген! Қарай гөр мұны, өмірдің ойына түсіп, шыңына шығып болған адамдай, сайрауын!

Қолтық Сәрсенге тесіле қарады. Сәрсен басын еңкейте, көзін төмен салып, беті қызара, құмығып, қинала сөз бастады.

– Мен Артықты қолдаймын. Айтып тұрғандарының жөні бар сияқты, – деді ол. Кешелі бері өткен осы жыныға да Артықтың сіңірген еңбегі мол дегенді ол көтеріңкі, салмақты дауыспен айтып үлгерді.

Сол мезетте Ардақ түсі қас-қағым сәтке ғана бұзылып өзгерді де, жылдам қалпына келді. Іле сөзін жалғастырды.

– Пенденің өтірік, иә шын айтып тұрғаны жаныннан белгілі. Сен көбінесе ой түбіндегіні сыртқа шығармай, айтатының кіл өтірік! Жұртты алдай алмайсың, Артық! Сен жалған болмыстасың! Соның бәрі тек өз қамыңды ойлаудан! Бұйте берсең, бір күні әйелің мен туған балаларына да бекер сөз айтып, залал тәрбие шақырып қондырарсың, әлі! Өзім деген, бір ауылда өскен жақ

# Ғылыммен ұштасқан тәжірибе

Жарты ғасырдан астам ғұмырымызды Қызылорда еліне, жеріне, ғылым жолына арнадық, 4 кітап жаздық, оның үшеуі жарық көрді. Кітаптар – біздің елге арнаған ғылыми өміріміздің қорытындысы, нәтижелері.

Еңбек жолым Қызылорда қаласы мен одан 12 шақырым қашықтағы Қарауылтөбе ауылының егістік жерінде басталды. 1969 бен 2020 жылдар аралығында 6 бюджеттік және 4 гранттық тақырып орындалды. Соңғы 4 тақырып Арал теңізінің 70%-дан астам суы құрғауынан туындаған экологиялық өзекті мәселені ғылыми негізде шешуге арналған. Осы 10 тақырып нәтижесімен 150-дей ғылыми мақала, еңбек және ұсынымдар басылды. Оның 3-үй кітап еді. Арал мәселесі туралы ғылыми есеп деректері Германияда басылған ғылыми жинақ 3 кітабында ағылшын тілінде жарық көрді. Ғылыми мақалалар жақын және алыс шетелдің ірі қалаларының 15 баспаханасында басылды. Ғылыми еңбектер нәтижелерінің көбі Қазақстанда жарыққа шықты. Басылған еңбектердің 9-ы – патенттік құжаттар.

Енді жарыққа шыққан 3 кітаптың әрқайсысына қысқаша түсінік келтірейік.

Арал қасіреті туралы кітап жаһандық өмірде бәрі: жер, космостық кеңестік планеталар, ай, күн және т.б. үнемі байланыста болатынын ескертеді. Мысалы, адамзат табиғат тіршілігімен санаспаса, салдарынан климат өзгертеді, күнделі қопарылыстар көбейеді, осындай тізбектеліп өзгерістер бірте-бірте артып, сонында жер беті апатты өзгерістерге ұшырайды. Осы апаттар қияметке ұласпа үшін адамдар табиғатпен санасып, өзінің сол табиғаттың туындысы екеніне мойынсыну керек. Сонда олар табиғаттағы процестерді үнемі зерттеп, құбылыс баланстарын тенеңіретіп отыратын жол іздеді.

Кітаптағы дүниежүзілік беделі бар профессорлар Арон Айер (Израиль), Зигмар Брекле осы заңдылықты терең түсінгені сонша, олар өз елдерінің патриоты әрі ірі ғалымдары ретінде жаһандық кеңестік апатының алғашқы үрейлі сипатының үлгісі – Арал апатын өз еліне де үлкен қауіп деп саналы түрде қабылдады. ЮНЕСКО арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымына ықпал жасап, Дүниежүзілік Даму Банкінен Арал апатының алдын алу іс-шарасына қомақты қаражат бөлді.

Қазақстанға келген апат зардабын жаһандық кеңестікке әсер беретін апат деп қабылдап, Арал қасіретін кеңестікке таратпау үшін Қазақстан, Германия және Израиль ғалымдарын біріктіретін, жақсы ақылды шешім жасауға қабілетті әрі дүниежүзіне қауіп тудырған Арал қасіретін ауыздықтау үшін бірінші экспедиция құрды. Экспедиция тобын профессор Зигмар Брекле басқарды. Профессор Арон Айер оның ғылыми ұйытқысы болды. Қазақстаннан бұл экспедицияға Арал өңірі экология және ауылшаруашылығы ғылыми-зерттеу институтынан Г.Мейрман, Ботаника институтынан Л.Димеева, орман шаруашылығы институтынан В.Каверин және мен қатысты.

Арал теңізі тұйық болғандықтан Сырдария өзені ағынымен тау, жар мүжінділері шөгінді сумен келіп, теңіз түбіне шөгіп, кедір-бұдырын тегістеп ұлтан қабатын құрайды. Сырдария суы азайған соң теңіздің шөгінді табан қабатын судан құрғатылып, шөгінділерден түрлі механикалық құрамды (құм мен саздың әртүрлі мөлшерде орналасуына байланысты) топырақ түрлері қалыптаса бастайды.

Алғашқы кезде борпылдақ, әлі бірікпеген топырақ құрамы сумен келген улы заттар (пестицид, гербицид, т.б.) шаңмен бірігіп, желмен ұшып айналып ластауға бейім болады. Ол шаң қоспалары космостық кеңестікке көтеріліп, жер бетінің кездейсоқ жеріне жетіп, шөгіп, сол жерді ластау мүмкіндігі мол. Сондықтан, бірінші мәселе шаңды қозғалысқа келтірмейтін іс-шара жасау болды. Теңіз ұлтанының бетіндегі әртүрлі қоспалы өте зиянды борпылдақ шаңды бекітетін бірден-бір жол – өсімдік жамылғысымен ұлтан бетін бүркеу әдісі.

Арал өсімдіктерін зерттеу арқылы бүркемелі өсімдікке қара сексеуіл (Haloxylon aphyllum) таңдалды. Оны егу жолдары іріктелді. Басты мақсат – қазір жаһанда белең алып бара жатқан қуаңшылық пен шөлейттен өзгерістерін өрістеттеу. Ол егіншілік шаруасының өнімін кемітіп, азық-түлік қауіпсіздігін нашарлатып, аштыққа әкеледі. Ол қауіп қазір жер жүзі елдерін алаңдатып отыр. Азық-түлікпен қоса экология апаты Сырдария суының Арал теңізі журнағы – Кіші Аралға жетпей қасіретті үдетері сөзсіз.

Сонымен 1998-2012 жылдары эрозиялық процестерді тоқтату, қуаңшылық пен шөлейттенуе бетбұрысты әлсірету, өсімдік жамылғысын дамыту бағыттарында нәтижесі се-

німді ғылыми-зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде егілген сексеуіл өскіні тұздан қорғалып, жерсінуді ұлғайды (өндірісте 15-20%, арықша әдісінде 25-65%, шұңқырлап егуде 70-90%). Бұл үлкен ғылыми жетістікке жатады.

Арал теңізінің географиялық құрылым ретінде жер картасынан теңіз атынан түсіп қалуына адами фактор себеп болғанын қыңжылып айтамыз. Сырдария өзенінің суына еге бола алмаған кезіміз есімізде, енді сол молшылық есепсіз, ойсыз, білімсіз ысырапқа төтеп бере алмады. Түбі көрінген Сырдария суының Арал арнасына жету-жетпесі арман болуда. Сусыз Арал күні, болашағы қалай болады? Құмы қазақ жерін баса көктемей ме? Осындай қауіпті сұрақтар молаюда. Арал қасіреті табиғат жаратылысына адамзаттың аяулы мейірімін оята дейміз. Ол мейірім қалыптастыру биліктің міндетіне айналғаны дұрыс.

Арал тағдыры жердің басқа аймақтарынан көрініс тапса, оны жақсылыққа бұрып, алдын алу керек. Балқаш, Каспий сулары азаюда, Дунай өзені ортаюда. Кар жаумаса тау басы ағармайды. Ол қар мұзға айналып, бұлақтар көзі боларын білеміз. Толасыз аққан бұлақ суы өзенге ұласады. Өзен арнасын тауып құяр қазанын табатыны сөзсіз. Қазаншұңқыр аумағы кең болса не көл, не теңіз болады. Осылай Сырдария суы арқылы Арал теңізі құралғанына мыңдаған ғасыр мерзім өтті. Енді міне, Арал теңізінің көлге айналғанына күз болып отырмыз.

Осы айтылғаннан табиғат жаратылыстарының бір-бірімен байланыста екенін көріп отырмыз. Жаралған су есеппен жұмсалса сарқылмайды. Табиғат заңымен тағы да су көзі ашылып, мөлшері кемімейді. Адамзат тірлігі мен табиғат құрылымы үйлесімдік тапса, азық-түлік қауіп жойылады. Аштыққа жол берілмейді. Адам табиғат мейірімін ие болса, тіршілігінен мол ырзық табады. Тіршілігі көркейеді. Кітаптың мақсаты мен талабы – осы.

Кітаптың қорытындысында адамзатты Арал тағдырын түзеуге ұмтылдырып, бар мүмкіндіктерді жақсылыққа жұмсауға шақырады. Табиғаттағы балансты құрылымдарға зиян әкелетін іс-шараны жасамауды ескертіп айтады.

Бірінші экспедиция ғалымдарының еңбегін ескеруді, оны әрі қарай дамытуды мемлекет міндетіне алғаны дұрыс. Экспедиция ғалымдарының Алмания ғалымдарымен бірлесіп, Арал теңізі ұлтанында істелген орасан ғылыми жетістіктері кезінде бағасын алған. Осы ғылыми нәтижелер, шешімдер: биоәртүрлік (биоразнообразия) процестерінен туындаған арықша мен миникичмент шұңқыры (профессор Арон Айер патенттік туындысы, ал арықша жасуа Хасый Жамантіков пен Галиолла Төлөндіұлы Мейірманның туындылары) Арал ұлтанын көгалдандыру істерінен жалғасын таппады. Осының жалғасын жасау керек.

Бірінші экспедиция ғалымдарының дүниежүзілік мәнді істеріне ештен кеш жақсы деп тиісті бағасын беріп, жастардың патриоттық сезімін оятатын әрі мақтан ететін деңгейде ұгіт-насихат жүргізуді қолға алған дұрыс. Кезінде ұлағатты ғалымдар, профессорлар Зигмар Брекле мен Арон Айер Қазақстан ғалымдарына, оның ішінде Арал өңіріндегі күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарына тиісті жоғары баға беріп, барынша қолдады. Кітап Қазақстан-Германия ғалымдары достығының беріктігін растайтын өміршең тарихи дерекке айналуы тиіс.

Екінші кітап табиғи ландшафты жақсы бағытқа бетін бұру ісі үлкен еңбекті, ізденуді, білімді ғылыми тәжірибелерді жүргізуді керек ететінін еске салып отырады.

Қызылорда облысына қарасты егіншілік жерлердің егіс түрлерінің құлпырып, жоғары өнім мен сапаны орасы болуына не кедергі дегенде айтатынымыз – егіс жерінің құнарлының төмен екені. Жердің тұздылығының салдарынан топырақ гумусы – қарашірігі кеміп әрі ондағы бактериялар жағдайы нашарлайды. Топырақ ортасының, өсімдіктерге жағдайлы болуына, осы түрлі пайдалы бактериялар жинтығының белсенділігі артуы үлкен себеп. Бактериялар ауыр металдар қосындысын ыдыратып, бөлшектеп әрі өзіне, әрі өсімдіктерге қоректік заттарды молайтады.

Бактериялар саны көбейіп, сапалы тіршілік жасаса, олардың өлі денелері гумустық заттар мөлшерін молайтуға үлкен үлес қосады екен. Сонымен бактерия-

лар белсенділігі артқан ортада өскен өсімдіктер жағдайы жақсы болатыны – олардың қатты әрі улы зат бөлетін қосындыларды, минералды-органикалық заттарды тез ыдыратып, өзіне әрі өсімдіктерге және оны сол ортадағы жәндіктерге лайықты қоректік дәрежеге жеткізіп, ортаны қоректік заттарға толтыруында. Ондай ортада гумустық заттар молайып, гумус мөлшері үнемі тұрақты өсіп, қалпына келіп отырады. Бактериялы ортаны құнарлы орта дейтініміз де сондықтан. Бактериялы орта мәдени дақылдың өнімін арттырып, сапасын жақсартады. Бактериясы аз және олардың тіршілігі нашар ортада қорытылмаған заттар жинтығын молайтып, олар біртіндеп минералды тұздарға айналып, топырақты тұздандырып, ортаны өсімдіктің өсуіне, өнім құрауына жағдайсыз кеңестікке өзгертеді. Ол азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп туғызады.

Тәжірибе мен ізденістің сөтілігіне байланысты құнарлылық өзегі – гумустық заттар топырақ кеңестігіне жеткілікті болу керек. Сонда ғана кері кеткен ландшафт топырағын дұрыс жолға салатын өзгерістер енгізуге болады. Күріш дақылдың топырақтың гумусын кедейлендіретін егіске теңеу жиі айтылады. Ал оның топырақ құнарлығын жеделдететінін көп диқан қауымы да, ғалымдыққа талапкерлер де біле бермейді.

Күріштік топырақта қандай да процестер, реакциялар, бактерия белсенділігі, тағы сондай құбылыстар тез жүретіні анық. Себебі, суы мол егіске қоректік заттар ұсынылмен минералдық және органикалық тыңайтқыштар түрінде жеткілікті мөлшерде берілсе, температура әсерінен ыдырау процестері, бактериялар арқылы өте тез жүреді. Осы айтылған процестерді ескеріп, топырақ құнарлығын 5-7 жылда тұрақты жоғары деңгейде қалыптастыруға болады. Басқа дақылдарда қазіргі технология әсерінен бұл процестер бауу жүріп, гумусты тек қалыпты жағдайға (деңгейге) жеткізгенмен, оның мөлшерін өсірмейді. Осыны ескеріп, кедейленген топырақ құнарлығын күріш ауыспалы егінде мекелі деңгейге көтеруге болады. Құнарлылық күрделі процестері жанақтық ретінде кітапта ретімен келтірілген.

Кітаптың үшінші бөлімінде, Қызылорда жерінде ағаш егіп көгалдандыру жұмыстары әлі өз деңгейінде дамымағанын ескертеді. Ол туралы жақсы әдістер кітаптың үшінші бөлімінде толық түрде жүйелі келтірілген. Көгалдандыру ортаны қоршаған атмосфера тазалығын қамтамасыз етеді. Жасанды озастік орта адам денсаулығын жақсартып, жұмыс істеу қабілетін арттыратыны сөзсіз. Озастік климат ауылдық, қалалық жерлерге өте қажет.

Үшінші кітапта (монография) диссертациялық материалдар: Қаратау фосфоритінен жоғары температураны қолдану арқылы 2 түрлі полифосфат тыңайтқышын алудың ғылыми негізделген сараптамалары бар.

Полифосфат өнімінің өндірісі электр энергиясын өте көп жұмсайтын болғандықтан кенже қалып отырғаны белгілі. Дегенмен, қазіргі экология жағдайы адам тіршілігі ортасының жақсаруына бағыт алғандықтан және азық-түлік қауіпсіздігі күн тәртібінде бірінші тұрғандықтан, адамзат назарын топырақ экологиясына еріксіз аударуға мәжбүр етеді. Оған факторлар көп. Геосаяси жағдай да ұшығып тұр. Жаһандық климат өзгерісі Жер шарының біраз елін апатқа ұшыратып жатыр. Орман өрті, су басу және жаңбыр жаумай қуаңшылық белең алды. Климаттың өзгеруіне адамзаттың табиғатпен санаспай, күнделікті теріс тірлігі атмосфераны өлшеусіз мөлшерде көмірқышқыл газымен ластауы, баланстың бұзылуы себеп болып отыр.

Қуатқа тәуелсіздікті жою мәселесі терең сарапталып жатыр. Қуат көзі атом электр станциясында екені белгілі жайт. Қазақстанда АЭС шикізаты – уран қоры жеткілікті. Қуат станциясының қауіпсіз технологиясы мен керекті өнім өндіру мемлекет деңгейінде тиянақты қолға алынуда. Қуат көзі іске асса, Қаратау фосфоритінен полифосфат өндірілетін күн алыс емес. Полифосфатты зерттеу авторы ретінде осы экологиялық таза өнімнің Қазақстан егіншілігін фосформен байытуына сөттілік тілеймін. Полифосфат тыңайтқышының экономикалық тиімділігінің ғылыми негіздемесі 1971-1992 жылдар аралығындағы көпжылдық зерттеулер нәтижелерімен айқын дәлелденген.

Сонымен кітаптардың мақсаты – қиын-қыстау климаттың белдеуіндегі Қызылорда халқының еңбегі жылда нәтижелі болсын деген тілекті көздейді.

**Хасый ЖАМАНТИКОВ, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер**

## «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсын өткізу қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

- Осы «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсының (бұдан әрі – конкурс) қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау мақсатында әзірленді.
- Конкурсты өткізудің міндеттері:
  - мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аударту;
  - мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері туралы мақалалар, бағдарламалар арқылы отандастарымыздың санасын жаңғырту;
  - қазақ тіліндегі контентті ұлғайту және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту.
- Конкурс екі номинациядан тұрады:
  - «Үздік мақала»;
  - «Үздік теле–радио бағдарлама».
- Конкурсқа кәсіби журналистер (штаттағы және штаттан тыс), телевидение және радио, газет, сайт ұжымдары, сондай-ақ, осы қағидалардың талаптарына сәйкес мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері жөнінде мақалалар жариялаған Қазақстан Республикасының басқа да азаматтары қатыса алады. Қатысушылардан еліміздегі және шетелдердегі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік тілді дамыту және оның қолданыс аясын кеңейту жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі материалдар қабылданады. Материалдар аналитикалық талдаулар, ғылыми зерттеулер, проблемалар мен олардың шешу жолдарына негізделуі қажет. Конкурс материалдарында қазақша сөйлеуді ұлттық брендке айналдырудың тиімді жолдары көрсетілген жөн.
- Конкурс материалдары бағалау критерийлері:
  - тақырыпқа сәйкестік;
  - қамтылған ақпараттың нақтылығы мен шынайылығы;
  - мәселені талдау тереңдігі;
  - материалды жеткізу шеберлігі.

Конкурсқа қатысушы үміткерлердің конкурста ұсынған материалдары олардың кәсіби біліктерін, мультимедиялық сторителлинг және заманауи медиа мүмкіндіктерін, мемлекеттік тілді дамытудың заманауи моделін тұтас қоғамға және әрбір жеке оқырманға аша алуы қажет. Конкурсқа ұсынылатын материалдардың авторларының заманауи кәсібиленуі, оның ішінде дата-журналистік қабілеттері де (сапамен де, санмен де жұмыс жасау қабілеті) қаперге алынады.

Коммуникативтік ресурстарды орындау қолданып, заманауи медiateхнологияларды дәстүрлі журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы мемлекеттік тілдің қызметі, даму жолдары мен мемлекеттік тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде баяндау – басты талап.

Конкурсқа қатысушылардың қазақтілді контентті қарқынды дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі маңызды. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орнығып, еркін қолданылуында кездесетін кедергілерді айқындай отырып,

## «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары» тақырыбындағы мақалалар байқауының ЕРЕЖЕСІ

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары» тақырыбындағы мақалалар байқауы.**

**Ұйымдастырушы:**

«Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қоры.

**Қатысушылар:**

БАҚ және азаматтық қоғам өкілдері, ғалымдар, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттері, жастар.

**Мақсаты:**

Облыс тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және заң үстемдігін насихаттау.

**Міндеті:**

Байқауға қатысушылар арасында **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары»** тақырыбында ой еңбегін дамыту, үздік мақала жеңімпаздарын анықтау.

**Қойылатын талаптар:**

– Мақала Microsoft Word бағдарламасында терілуі тиіс;

– Негізгі мәтін қарпі аrial, 2 беттен аспауы тиіс;

– Мәтін қарпінің мөлшері 14 шрифт;

– Жол аралық интервалы 1;

– Мақала көшірме (плагиат) болмауы тиіс;

– Мақала қайтарылмайды.

*Кесте*

№	Аты-жөні	Туылған күні, айы, жылы	Қызметі	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5

\* Ескерту: Комиссия қарауына берілген жұмыстар қайтарылмайды, комиссия мүшелерінің шешімі талқылауға жатпайды!

## Табиғат пайдаланушылар назарына!

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 6 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Барлығы «E-License» электронды порталы арқылы жүзеге асырылады.

**Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізімі:**

1. «ІІ санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру»;

2. «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жүзеге асыратын мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру»;

3. «Ағаш кесу және орман билетін беру»;

4. «Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру»;

5. «Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау, сондай-ақ асылтұқымды балық шаруашылығын дамытуды субсидиялау»;

6. «Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау».

негізгі шешімдер ұсыну шеберліктеріне мән беріледі.

6. Алдыңғы конкурстардағы бас жүлдемен марапатталған жеңімпаздар конкурсқа қатыстырылмайды.

### 2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

7. Конкурстың ұйымдастырушысы – облыстық қоғамдық даму басқармасы.

8. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және облыстық қоғамдық даму басқармасының интернет-ресурсына орналастырылады.

9. Конкурсқа қатысу үшін конкурс қағидаларының 3-тармағында көрсетілген екі номинацияның біреуі бойынша өтінім (қол қойылған, сканерлеген) *a.abzhalyeva@korda.gov.kz* электрондық поштасына, «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсына» деген белгімен 2023 жылғы 15 тамызға дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс:

1) өтінім (осы қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша);

2) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 15 тамызға дейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген екі материалды, соның ішінде газеттер мен сайттарда жарияланған мақалалар, телевидение мен радионың бағдарламалары;

3) жарияланған мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары, скриншоттары (газет, сайт), теле-радио-бағдарламалардың жазбасы;

10. Конкурс қағидаларының 9-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған өтінім конкурстка қатыстырылмайды.

11. Конкурсқа ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

### 3. Қорытынды ережелер

12. Конкурсқа қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамы тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандарынан, ғалымдардан, зиялы қауым өкілдерінен кемінде үш адамнан тұрады. Қазылар алқасының құрамы төрағадан және оның мүшелерінен тұрады. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері қазылар алқасының ашық дауыс беру қорытындысы бойынша анықталады. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасы мүшелері конкурсқа қатысушылардан түскен материалдар негізінде дауыс беру арқылы Конкурсстың екі номинациясы бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделіп, қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды. Конкурсстың марапаттау рәсімі 2023 жылғы қыркүйек айында өткізіледі.

13. Байқау жеңімпаздары ұйымдастырушы бекіткен жүлде қоры мөлшерінде арнайы дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады.

Байланыс телефондары: 8 (7242) 60-53-15, 8(702) 933 41 73.

### Комиссия құрамы:

ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облысы бойынша департаментінің өкілдері, филолог ғалымдар, БАҚ және үкіметтік емес ұйым мүшелері.

**Комиссия өкілеттігі\*:**

Комиссия мүшелерінің шешімімен ағымдағы жылдың 10 қазан күні сағат 11.00-

«ҰШҚЫР ҚАЛАМ – 2023»

«ҚАЛАМГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫ»  
ҚАЙТА ЖАСАНДЫ

Қызылорда қаласының төрінде қайта жаңарып, ажары айшықталған «Қаламгерлер аллеясында» БАҚ өкілдерінің мерейлі мерекесіне арналған «Ұшқыр қалам – 2023» салтанатты шарасы өтті. Онда қала әкімі Асылбек Шәменов журналистерді төл мейрамымен құттықтады.

– Бұл аллея – қалам ұстаған шығармашылық қауымына көрсетілетін шексіз құрметтердің бір парасы ғана. Өйткені қалам ұшындағы күдіретті жүрегімен түйсінген сіздердің әрбірініз қандай сый-мәртебеге болса да лайықтысыздар.

Бүгінде ақпарат құралдарының ықпалымен әлемнің келбеті өзгерді. Бұл ретте, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев рухани астанамыз – Түркістан төрінде өткен Ұлттық құрылтайда «Масс-медиа – елімізді жаңғырту ісіне ерекше ықпал ететін сала. Сондай-ақ, билік пен қоғам арасындағы пәрменді байланыс құралы. Ақпарат құралдарында түрлі көзқарастар тоғысады. Оны қоғам тынысының барометрі деуге болады» деді.

Қазір бұқаралық ақпарат құралдарындағы дәстүрлі ақпарат тарату үлгісіне де көптеген өзгерістер енді. Сыр бойы журналистикасы да цифрлы технологиялар кезеңіне тез бейімделіп, жана медианың ағымына ілесті. Қос телеарнамыз бен мерзімді басылымдарымыз сапалы контентті, уақыт шежіресін, таңдамалы тақырыптарды кәсіби шеберлікпен жеткізіп, қоғамдық сананы қалыптастыруда жүйелі жұмыстар атқаруда. Әрине, журналистикадағы мықтылық ашықтық, баламалы пікір, жылдамдық әрі дәлдікпен өлшенеді десек, сіздердің тынымсыз кәсіптеріңізге деген адалдықтыңыз әрқаз уәстем тұрады, – деді қала әкімі.

Шарада қаланың тыныс-тіршілігін, өзекті мәселелері мен жарқын жетістіктерін ақпараттандырып, халық пен билік арасында алтын көпір болған бірқатар сала үздіктеріне қала әкімінің арнайы алғыс хаты мен естелік сыйлықтары табысты. Сондай-ақ, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы, белгілі ақын, тележурналист Қаршыға Есімсейітоваға «Құрмет» грамотасы табысты. ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Қызылорда қоғамдық телеарнасының» құрылтайшысы, Қызылорда облысының құрметті азаматы Шәкізада Әбдікәрімов қаламдасарын мерекелен құттықтап, алғашқы пейілін білдірсе, қаламы қарымды жазушы-журналист, Алашқа белгілі

ақын Дүйсенбек Аяшұлы жүрежарды жырын оқып, көпшілік құрметіне бөленді.

Қазақ әдебиетінің үш алыбы ескерткішінің жанына жиылған қаламгерлер емен-жарқын әңгімелесіп, табиғат аясына жайылған ақ дастарханнан дәм ауыз тиді. Осы күні ардагер журналистер арасында бильярдтан турнир өтті. Тартысты өткен турнир нәтижесінде 1 орынды «Қызылорда» телеарнасынан Жалғас Әлібеков жеңіп алса, 2 орын «Сыр бойы» газетінің компьютер бөлімінің меңгерушісі Қуаныш Оразбаевқа бұйырды. Ал үшінші орынды ақын Дүйсенбек Аяшұлы мен «Qoqam TV» телеарнасынан Сәдуақас Ізімбаев өзара бөлісті.

Әлемге танымал спорт түрінің бірі боулингтен журналист қыздар арасында бәсеке ұйымдастырылып, «Қызылорда» телеарнасының командасы 1 орынға лайық екенін дәлелдеді. Одан кейінгі орынды «Qoqam TV» телеарнасының қыздары еншіледі. Ал «Сыр медиалық» арулар мен «Меншікті тілшілер» командасы 3 орынды қанағат тұтты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер қала әкімінің Алғыс хатымен және арнайы естелік сыйлықтарымен марапатталды.

«СБ» ақпарат

HALYK MARKET-те  
0-0-24 БӨЛІП ТӨЛЕУ

Жаз маусымы жарқыраған күн сәулесі, ыстық ауа райымен ерекше. Маусымдық ауа райының ерекшеліктері адамдардың көңіл-күйіне ғана емес, сонымен қатар олардың сатып алу қалауларына да әсер етті. Маусымдық сауда жасау ерекшеліктерін Halyk Market ең ірі маркетплейстердің бірінің қызметкерлері жақсы біледі. Олар клиенттер жасаған сұраныстар мен сатып алуларды талдап, жазғы кезеңде қандай тауарлар ең көп сұранысқа ие екендігі туралы бізбен бөлісуге дайын.



## АПТАП ЫСТЫҚТАН САҚ БОЛАЙЫҚ!

Кондиционерлер – аптап ыстық және ылғалдылықпен күресуде таптырмас көмекшілер. Дәл қазір Halyk Market-те науданның болуы сіз үшін ыңғайлы: кез келген өнімді 24 айға дейін бөліп сатып алуға болады. Үлкен сомаға келетін болсақ, мұндай бағдарлама өте тиімді, өйткені ол адамдарға әмиянға айтарлықтай әсер етпестен үлкен сатып алулар жасауға мүмкіндік береді.

Ыстық күндерде тамаша шешім болып табылатын үрлемелі бассейндер. Жеке аулада бірнеше сағат бойы суда ойнағанды жақсы көретін балалар үшін керемет зат. Ата-аналар болса балалардың қауіпсіздігі үшін ұялымдайды.

Су сүзгілері де жаз маусымында жоғарғы сұранысқа ие. Егер қарапайым есептеулер жүргізілсе, бөтелкедегі суды бірнеше рет сатып алғаннан гөрі, бір рет инвестиция жасап, сапалы сүзгіден тазартқан суды ішу әлдеқайда тиімді.

ТҮРЛІ ТАЛҒАМҒА  
АРНАЛҒАН ДЕМАЛЫС

Жазда адамдар пикниктер мен достарымен кездесулер өткізіп, қаладан тыс жерлерге жиі барады. Барбекю грильін сатып алуға сұраныстың артуы танқаларлық емес.

Су айдындарына демалыс кезінде адамдар Halyk Market-тен жағажай және ойын-сауық жиынтықтарын – доп, волейбол торын, шезлонгтарды және жиналмалы орындықтарды сатып алады.

Пикник, саяхат, медитация мен шығармашылық демалысты ұнататындар көбінесе сабақ немесе көкөніс бақшасына арналған заттарды сатып

Лицензия №1.2.47/230/38/1 23.06.23 ж.

алады. Көптеген адамдар өз жерінде жайлылық пен әдемі көріністі жасап демалғанды жақсы көреді. Маркетплейсте қол жетімді үй және бақша құралдарының алуан түрлілігі ең қызықты ойларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

## ӨЗІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ

Жазға қарай адамдар әдемі қалыпқа келіп, артық салмақтан арғылғысы келеді. Бірақ біз маусымның басталуына дейін дайын бола бермейміз. Осы тұрғыдан алғанда, Halyk Market-те денешынықтыру залына немесе бассейнге абонемент сатып алу үлкен сұранысқа ие екені таңғаларлық жағдай емес.

Сондай-ақ сатып алушылар массажерлердің әртүрлі түрлеріне белсенді тапсырыс береді. Массажерлер релаксацияның әмбебап құралы екенін ескере отырып, олардың танымалдылығын түсіну оңай. Сонымен қатар массаж сеансын кез келген уақытта үйден немесе кеңселден шықпай-ақ ұйымдастыруға болатындығы өте ыңғайлы.

Күннен қорғайтын кремдер мен ылғалдандырығыштар жазда міндетті түрде болуы керек. Жаздың жеңіл парфюмериясы сияқты бұл өнімдер де үлкен сұранысқа ие.

Қорытындылай келе, ең танымал өнім – смартфон туралы айтпау мүмкін емес. Бұл гаджет маусымға қарамастан сұранысқа ие болғанымен, жазда көптеген адамдар смартфондарды сатып алады. Жаңа функционалды смартфон жаздың керемет сәттерін сақтауға және ең жарқын тәжірибелерімен бөлісуге көмектесетіндігімен сұранысқа ие.

Қалай болғанда да, жазғы тамаша уақыт үшін не сатып алу керектігін бірі біледі. Мұның бәрін Halyk Market әмбебап базарынан 24 айға дейін бөліп төлеп, ең қолайлы бағамен қаз келген тауарды табуға болады. Ал сіз жазға дайынсыз ба?

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПетроКазакстан Венчерс Инк.» ҚФ «Дощан Оңтүстік кен орнын игеру жобасына қосымша» жобалық құжаттың «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 10.08.2023 жыл сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Өйтеке би көшесі, №12 мекен-жайында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Конференция идентификаторы: 839 4991 2818

Кіру коды: 524688

Бастамашы: «ПетроКазакстан Венчерс Инк.» ҚФ, БСН 040241006672

Өкілі: Адранов Азамат Алматы

Байланыстар: тел: 8 (7242) 27-68-68 ішкі номері: 98-91, Электрондық пошта / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны ұзартушы: «ҚҒЗБМИ» ЖШС, БСН 991240001478

Өкілі: Ибраева Асель  
Байланыстар: тел.: 8-7122-76-30-90 вн 217, Электрондық пошта / e-mail: a.ibraeva@kaznigri.kz

Порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта және номер арқылы алуға болады: 8 (7242) 27-68-68 ішкі номері: 98-91, Электрондық пошта: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Ескертулер мен ұсыныстар Порталда немесе Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz). Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефон: 8(7242) 60-53-69.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 21 маусымдағы ұйғарымымен «Нью Констракшн Групп» ЖШС-на (БСН 040140002472) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 148-149-баптарының және Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 41-42-баптарын бастылыққа ала отырып, өзіне оңалту рәсімін қолдану туралы арызды жібергені жөнінде хабарлайды. Сұрақтар бойынша байланыс телефоны: 87017478181.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП  
ЕСЕПТЕЛСІН

Жеке кәсіпкер Алиев Сансызбай Анарбаевичтің (ЖСН 471115301499) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## БАҚҰЛ БОЛ, АРДАҚТЫ ДОС



Өмірдің қас-қағым сәтте өтіп кетерін кейде кеш ұғынып жатамыз. Өсіресе жанына жақын жандарды кенеттен жоғалтқан өте қиын екен. Біз үшін бауырдай болып кеткен, күнде көріспесек те бір-бірімізді іздеп тұратын бала күннен бірге өскен сыныптас досымыз Жаксыбаев Қыпшақ Жаксымұратұлы осы жылдың 22 маусымында арамзыдан мәңгіге алыстады.

Ардақты досымыз Қыпшақ 1960 жылдың 29 қыркүйегінде Тасбөгет кентінде дүниеге келген. 1979 жылы Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумын «техник-механик» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Сырдария ауданында оқу комбинатында ұстаз болып бастады. Әрі қарай Қызылордадағы «КЭРМЗ» мекемесінде мастер, ПМК-42-

де механик, өмірінің соңғы күніне дейін түрлі мекемелерде абыройлы қызмет атқарды. Иә, қыркүйек айында еңбегінің жемісін көремін, құрметті зейнет демалысына шығамын деген үміті сөнді, Алла ол күнге жеткізбеді.

Еңбек жолындағы ең жоғары баға – халықтың құрметіне, елдің ыстық ықыласына, ағайын-туыс, дос-жаранның алғысына бөленді. Анқылдаған ақжарқын мезгілмен ортасына сыйлы болды. Бізге ортақ естеліктер мен балалықтың бал дәурен шақтарын артына қалдырып, алды күз, арты жар баянсыз тірлікке бар-жоғы 63 жыл тұрақтап, бақпа сапар шеккен досымыз Қыпшақтың артында ізін жалғар алтын асықтай ұл-қыздары, аяулы жары, бауырлары қалды.

«Өмірден өтсе де, көңілден кетпейді» дегендей, сыныптас достары мезгілсіз қайтыс болған досымыздың артында қалған өмірлік жары Болғанға, ұл-қыздарына, бауырларына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Сыныптас досымыз марқұм Қыпшақ Жаксымұратұлының иманы жолдас, мәңгілік жайы жаннаттан болуын тілейміз. Сенің жарқын бейнен біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

№11 қазақ орта мектебін бірге бітірген достары



Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

www.facebook.com/syrboyi\_kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Меншік иесі

СЫР  
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.